


Исумөңке¹⁰⁵ (Мөңке) ханның тұсында империяның бас жарғышысы¹⁰⁶ болды [92, 486, 487]. Ал Шыңғыс хан мемлекетінің әкімшілігін керей тайпасының перзенті Чыңғай Шынсан басқарған [137, 4].

Сонымен қатар Шыңғыс хан империясының құрылымдық негізі жайында белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков былай дейді: «Шыңғыс ханның кезіндегі бүкіл мемлекет құрылымы, жүйесі, әскерінің айла - тәсілі, тактикасы ешқандай айна - қатесі жоқ көк түріктікі болған» [137, 4].

Сондай-ақ, жоғарыда айтылған пікірдің шындық негізі ретінде Шыңғыс ханның жас кезінен татарларға деген өштігі барын қаперге ала кету керек. Оның татарларға өштігі туралы мынадай әңгіме бар. Есукей баһадур Дай шешенмен Бөртеге құда түсіп үйіне қайтып келе жатқанда шөліркеп жолдағы татарлардың бір киіз үйіне тоқтап сусын ішпекші болады. Сонда онымен қас бір татар сусынға у салып жібереді. Осы сусынды ішкеннен кейін ол үйіне жетпей қайтыс болады [56, 69 - 70]. Осы қастандықты білген Шыңғыс хан татарлармен өлгенінше өш боп кетеді. Кейін ол татарлармен соғысып, оларды қырғынға ұшыратқан соң жанындағы нөкерлеріне былай дейді: «Что же делать с их народом?.. С давних пор татарский народ губил наших отцов и дедов. За отцов и дедов мстью отомстим, воздаянием воздадим, с чекой их сравним, и кто выше чеки, тех уничтожим. Кто останется - те станут рабами. Рабов поделим между всеми» [56, 133]. Осы уақиға жайында Рашид ад-Дин: «Лишь немногие уцелели - дети и близкие жен-татарок знатных монголов кто бежал, кто был обращен в рабство», - деп жазады [65, 54]. Ал, енді осындай қырғын - жойқыннан кейін татарлар Шыңғыс хан әскерлерінің үнемі алғы шебін басқарып, қарсылас елдердің халқына «татарлар шапты!» деп үрей туғызу арқылы «татар» деген атты әлемге паш еткеніне илану қиын. Соңдықтан кейбір тарихшы - ғалымдарының

¹⁰⁵ Исумөңке - Шағатайдың баласы.

¹⁰⁶ Бас жарғышы - әділет басқарушы.



айтуынша Шыңғыс хан әскерлерінің ішінде татарлардың мүлдем болмағаны шындыққа жанасатын сияқты.

Бүкіл әлемге әйгілі болған «татар» деген сөздің этимологиясы турасында ғалымдардың әр түрлі мағынадағы пікірлерінің болуына қарағанда бұл сөздің астарында әлі де ғылыми тұрғыда сыры ашылмаған құпия бары анық. Дегенмен, «татар» деген сөздің қайдан шыққаны жайында Татарстан ғалымы А.Г. Каримуллиннің де пікірін айту артық емес.

Ол бірқатар авторлардың мәліметтеріне сүйене келіп, аталмыш этнонимнің қытай тілінде пайда болғанын айтады. V ғасырда қазіргі Монғолия мен Маньчжурияның солтүстік-шығысында «тата» деп аталатын тайпа болыпты. «Татар» деген атаудың қытай тілінде «та-та» екендігін ертеректе Мұхамеджан Тынышбаев та айтқан еді [95, 121]. Бұл тайпа, А.Г. Каримуллиннің айтуынша, қытай тілінің диалектінде ауыз жолды үнді «р» дыбысы болуына байланысты «татар» аталып кеткенге ұқсайды [69, 18]. Ал татарлардың тегі жөнінде, меніңше, әйгілі ғұлама ғалым Махмұд Қашқаридың: «Татар - түркі халықтарының бірі», - деген пікірі шындыққа жанасады [126, 21]. Сондықтан бұл мәселеге байланысты басқа болжам жасаудың қажеті жоқ тәрізді.

Татарлар тым соғысқұмар болып, көршілес қытайларға дүркін-дүркін шапқыншылық жасап маза бермейді екен. Осындай қылықтарына орай, кейін қытай тарихшылары «татар» сөзін тек тағылық тұрпаттағы жауыз адамдарға ғана тән атау санап, өздері жек көретін басқа көршілері мен азиялық тайпаларды да айнала жұртқа жеккөрінішті құбыжық қып көрсету мақсатмен «татар» деп айта да, жаза да бастайды. Сөйтіп, «татар» деген атау соғысқұмар жабайы тобырлардың (орысша: варварлардың) синонимі ретінде араб және парсы жазба әдебиеттеріне де кіріп кетеді [70, 347].


Осындай сипатқа ие болған «татар» аты Шыңғыс хан жорығынан бұрын-ақ Шығысқа барған саяхатшылар мен көпестердің

Әңгімелері арқасында Еуропаға да жетеді. Сондықтан Батый хан әскері Батыс Еуропаның ортасына жеткенде бүкіл Еуропаны үрей мен қорқыныш билейді. Сонда Франция королі IX Людовик татарларды «о дүниеден шығып келе жатқан тартарларға»¹⁰⁷ балап, христиандарды оларға лағынет айтып, «ақыр заман» орнатып, тозаққа түсіретін Тартария тұрғындарының шабуылынан өздерін сақтап қалуды сұрап Құдайға жалбарынуға шақырады. Корольдің халыққа үндеуінен кейін жаппай Еуропа шіркеулері мен соборларында «малғұн тартарларға» қарғыс айтылып, Құдайдан төніп келе жатқан қауыптың бетін қайтаруды өтінген дұғалар оқылады.

1241 жылы Батый хан әскері Хорватияны жаулап алып, Адриат теңізіне жеткенде Ұлы хан Үгедей қайтыс болады. Осы өлімге байланысты Батый хан Атлант мұхитына жете алмай әскерімен кейін қайтады.

Әрине, Батыс Еуропа халықтарына жақындап қалған осынау қатерден өздерінің аман қалғандарын алдын ала Құдайға жалбарынып сұраған тілеулеріне орай болғандай әсер туғызады. Сөйтіп, халық тартарладдың, яғни Батый ханның кейін қайтуы тек IX Людовиктің ғана арқасында болды деп санап, оған Әулие Людовик деген құрметті атақ тағады. Осыдан кейін Батыс Еуропаның тарихшылары мен дін басшылары Шығыс Еуропа халықтарын тегісімен бұрын гректер оларды «скифтер» дегендей «тартарлар» деп атай бастайды. Олар тіпті XVIII ғасырда да Еділ өзенінен Қытайға, Тибеттен Мұзды мұхитқа дейінгі барлық халықтарды «тартарлар» дей - тұғын болды. Мұны академик А. Т. Фоменко мен Г. В. Носовскийдің кітабында берілген 1754 жылғы Азияның картасынан көруге болады (7-ші сурет [97, 130]).

¹⁰⁷ Тартар - көне грек мифологиясындағы өлі адамдар дүниесі орналасқан Жер қойнауындағы тұңғыық, яғни о дүние. Мифологиялық ұғым бойынша «ақыр заман» боларда Тартария тұрғындары (тартарлар) Жер бетіне шығады - мыс.



7-ші сурет. 1754 жылғы Азия картасы.
Мұндағы: GRANDE TARTARIE - Ұлы Тартария.

Тартарлар жөнінде неміс ғалымы К. Риттер (1779-1859 жж.) XIX ғасырдың басында-ақ: «Еще большая запутанность произошла оттого, что все европейские народы называли и турецкие (түркілерді. - С. Ж.) народы «тартарами»... даже после подчинения сих стран (Қазан, Астрахан, Қырым хандықтары. - С. Ж.) русским народом было оставлено их жителям данное им название татар, несмотря на то, что они были турки и язык их стал называться не турецким, а татарским» [71, 678], - деп өте дұрыс пайымдап жазған еді.


Сонымен бірге, Батыс Еуропаның ортағасырлық тарихи әдебиетінде тіпті москвалықтар да бір кезде олар Алтын Орданың қол астында болғандықтан бірде «татар», бірде «тартар» деп жазылғаны белгілі. Мұндай бұрмалаушылықты қолдаған Ресейдің тарихшылары мен феодалдары Еділ өзені бойындағы ежелгі болғарларға¹⁰⁸ да «татар» деген лақап ат тағады. Оған қоса олар Батыс Сібірдегі бұратана атанған халықтардың бәрінде «татар» деп атайтын болды.

Сөйтіп, татар мен тартар сөздерінің өзара фонетикалық тым ұқсастығы Еуропа халықтарының санасына нық орнығып, оларға Азияның әр түрлі бұратана халықтарының бірін «тартар», басқаларын «татар» деп шатастырып, қалай болса солай айта салуға, жаза беруге мүмкіндік жасады деуге болады. Осының барлығы айналып келгенде, кейбір халықтардың төл аттарынан айырылуына, зерттеушілер мен тарихи әдебиетті оқушылардың бұл халықтардың ішінде қайсысы нағыз татар, немесе қайсысы жалған татар екенін білмей шатасуына, тұтас халықтардың тарихи этногенездерін бұрмалауға әкелді.

Алайда «татар» деген сөзге байланысты шатпақтың шыққанынан бері бірнеше ғасыр өтседе бұл атау дүниежүзілік тарихнамада әлі берік орнығып тұр.

Енді татар атауының кең таралуына тікелей байланысы бар орыстың тарихшы - жазушысы А. И. Лызловтың (1655-1696

¹⁰⁸ Болғарлар - қазіргі Татарстанның негізгі халқы.



жж.) Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының орыс жеріне шапқыншылығы туралы жазған «Скифская история»¹⁰⁹ деген кітабына да тоқтала кеткен артық болмайды. Лызлов 342 беттік көлемді тарихи еңбегінің басынан аяғына дейін орыс жеріне басып кірген түркілер жайында әңгіме қылғанда бірде-бір «мұңғол» деген сөзді қолданбай тек «татар» деп қана жазады. Мысалы, оның кітабында: «Историк же полский Александр Гвагнин, Яко Алляус царь татарский лета 1250 взят град Суссу... Ин же писатель Жигмунт Герберштейн, описуя землю татарскую пишет и приводит на свидетельство Мефодиа Патавского,...; о Батые царе татарским...»¹¹⁰ - деп жазылады [71, 15, 21].

Атақты орыс тарихшысы Н.М. Карамзин да өзінің 12 томдық «История государства Российского» атты еңбегінің I - VII томдарында Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының шамамен үш ғасыр бойы Ресейге жасаған үстемдігі жайында кең көлемді әңгіме қылғанда «мұңғол» деген атауды мүлдем жазбай, оның орнына әрдайым тек «татар», немесе «могол»¹¹¹ атауларын ғана пайдаланады [123, 348, 359]. Мысалы, ол III-ші томда: «Половцы и стража Болгарская, от берегов Яика¹¹² гонимые Татарами или Моголами¹¹³, прибежали в Болгарию с известием о нашествии сих грозных завоевателей», - деп «татар» мен «могол» атауларын бір мағынада қатар жазса, ал кейде: «Россияне едва имели время узнать о том, когда Моголы, сквозь густые леса, вступили в южную часть Рязанской области...», - деп «могол» атауын ғана жазады. Осы сөйлемнен кейін: «Татары уже искали в России не друзей, как прежде, но данников и рабов», - деп «татар» атауы ғана жазылады [25, 166].

Сонымен, А. И. Лызлов пен Н. М. Карамзинның аталмыш кітаптарын оқып, әлбетте, татары бар да, мұңғолы неге жоқ. Бұл не жұмбақ дегендей ойда қаласың.

¹⁰⁹ Бұл кітап ескі орыс тілінде жазылған.

¹¹⁰ «Татар» деген сөзді ерекшелеген автор С. Ж.

¹¹¹ «Могол» деген сөздің мұңғол еместігі екінші тарауда айтылған-ды.

¹¹² Яик - Жайық өзені.

¹¹³ «Татар», «Могол» сөздерін ерекшелеген автор С. Ж.

Бұл сұраққа байланысты және бір айтылуы тиіс дерек - Шыңғыс хан мен Батый ханның әскерлерінің көпшілігі арғындар, қыпшақтар, наймандар, керейлер, қоңыраттар, жалайырлар, үйсіндер болғандығы [73, 56]. Осы дерек турасында Қ. Данияровтың: «... монголы даже не участвовали в походах Чингисхана», - деп жазғанын да сырт қалдыруға болмайда [17, 167].

Осыған дейін айтылған әңгімелерді ой елегінен өткізіп қорыта келе төмендегідей үш тұжырымды пікірге келеміз.


1. Шыңғыс хан империясы мен оның ұрпақтары басқарған мемлекеттер мұңғолдық емес, түркі мемлекеттері деп саналуы керек. Өйткені олардың басқару жүйесінде татарлар мен мұңғолдар болған жоқ.

2. «Татар - монғол шапқыншылығы» деген тарихи терминология, меніңше, XVII - XVIII ғасырларда Балқан елдерінің Осман империясындағы түркілердің қол астында болғанда, содан кейін 1806-1812 жж. және 1877-1878 жж. орыстардың олармен соғыстарына байланысты орыс тарихшыларының ойлап шығарған туындысы.

Бұл жөнінде француздың белгілі ғалым - исламисі Анри Массэ (1886 - 1969 жж.) былай дейді: «Впоследствии европейцы стали называть родовым именем татар все тюркские народы, за исключением османов»¹¹⁴ [82, 144].

Ал Кеңес үкіметі кезінде «түркі» деген сөздің шектелуі пантюркизм идеясын басу мақсатында кең өріс алды. Сондықтан сол кезде түркілерге, оның ішінде қазақтарға қатысты мұңғол, қытай және Еуропа халықтарының тілдерінен орыс тіліне аударылып, басылып шыққан кітаптардағы этникалық және этнонимдік атаулар, меніңше, цензуралық бақылаудан кейін өзгергенге ұқсайды. Міне, осы себептерге байланысты Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының жаугершілік жорықтарына қатысқан әскерлердің ішінде және олардың қазіргі Қазақстан жерінде құрған мемлекеттерінің құрамында көпшілік болған түркілер (арғындар, қыпшақтар, наймандар, үйсіндер, қаңлылар, т.б.) те-

¹¹⁴ Османов - Осман империясындағы түркілер.



гіс орыстың тарихнамасында татарлар мен мұңғолдарға айналып кеткен деп топшылауға болады.

Сонымен, бұдан былай қазақтың ресми тарихнамасында «Татар - мұңғол шапқыншылығы» демей «Шыңғыс ханның жаугершілік жорықтары», «Батый ханның жаугершілік жорықтары», ал жалпы түрде «түркілердің жаугершілік жорықтары» деп жазылса дұрысырақ болар еді.

3. Түркі тектес тайпалар, оның ішінде мұңғолдар, ежелден аралас - құралас, ағайын - бауыр, қандас - тағдырлас болған. Бұл туыстық жөнінде: «Қазақтың қаны мұңғол тамырынан, мұңғолдың қаны қазақ тамырынан ағады» десек қате бола қоймас.

Шыңғыс хан империясы және оның ұрпақтары құрған ұлыстар мен мемлекеттер сол заманда бүгінгі Орталық Азия мен Қазақстан жерлерін мекендеген түркі тайпаларын бір орталық билікке біріктіруі аясында оларың өзара тоғысуына, алыс-жақынды рулардың тіптен құдандалы болып та етене жақындасуына, оның үстіне шаруашылықтарының, мәдениеттерінің, салт - дәстүрлері мен тілдерінің араласуына, ақырында сол тайпалардың жіктелуі негізінде кейін қазақ, өзбек, қырғыз, ноғай және т.б. түркі этностарының жеке-жеке халық болып қалыптасуы мен олардың өз алдына саяси мемлекет құруына зор ықпал жасады. Сонымен бірге қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар өздерімен көршілес түркі тайпаларының да құрамын көбейтіп отырды. Мысалы, арғын тайпасының рулары: Алтайда, Қырымда, Кавказда, т.б. бар. Қаңлы тайпасының рулары: қырғызда, өзбекте, Иранда, кіші азиялықтарда, қарақалпақта және т.б. бар.

Қазақ халқының құрамына кірген тайпалардың сан ғасырлық тарихи белестерін саралап қарағанда XIV ғасыр мен XV ғасырдың аралығында Қазақстан жерін мекен еткен көшпелілер ұлт¹¹⁵ болып қалыптасудың негізі саналатын жер мен тіл ортақтығы, рухани - мәдени, әдет - ғұрып және дін бірлігі


¹¹⁵ Ұлт - тіл, аумақтық, экономикалық өмір бірлігі негізінде және психологиялық мінез - құлықтың ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи әлеуметтік, этникалық тұтастығы.

сияқты заңдылық жағдаяттардың барлық кезеңдерінен өтті деуге болады.

Енді азғана шегініс. Жаңағы айтқан «дін бірлігі» деген ұғымның астарында көп мәселелер жатыр. Олар жеке зерттеу жасауды қажет ететін күрделі тақырып. Сондықтан бұл жөнінде кең түрде әңгіме болмайды.

Ежелгі түркілердің діни наным-сенімдері негізінен Тәңірге табыну (тәңіршілдік) болды. Кейін VI - XIII ғасырларда түркілер арасында Зороастризм, несториандық, манихейлік, буддизм, христиандық діндердің де таралғаны тарихтан белгілі. Несториандық діни сенім көне түркілер арасына соғды, парсы, ұйғыр және Шам (Сирия) миссионерлері арқылы тараған болатынды. Манихейлік дін Ұйғыр қағанатында (745 - 840 жж.) басым болды. Ислам дінін қабылдаған кезеңге дейін көне түркілердің біразы аз уақыт христиандық дінді насихаттаушылар ықпалына да түсті. Мәселен, керейлер 1007 - 1009 жылдардан бастап христиан дінінің бір тармағы болған несториан дініне кіреді [43, 159], ал Күшлік ханның кезінде (XIII ғасырдың басы) наймандар христиан дінін қабылдады [79, 254]. Дегенмен, әсіресе буддизм мен христиандық діндер әлемдік діндер болғандықтан түркілердің қоғамдық - мәдени және сана - сезімдерінің оңтайлы дамуына әсер еткені анық. VIII ғасырдың ақырына таман Қазақстанның оңтүстігіне ислам діні келіп, мұндағы түркі тайпалары осы дінге ене бастайды. Ал Қарлық қағанаты құрамындағы тайпалар тегіс ислам дінін қабылдады [43, 139]. Берке ханның кезінде (1257 - 1266 жж.) Алтын Орданың құрамындағы арғын, қыпшақ, қият, қоңырат, найман, керей, қаңлы және т.б. түркі тайпаларының арасына ислам діні кеңінен тарады [72, 365]. Моғолстан мемлекетіндегі тайпалар¹¹⁶ ислам дінін XIV ғасырда қабылдады [80,9]. XVII ғасырдың ортасында қазақ даласында ислам діні түгелдей

¹¹⁶ Моғолстан мемлекеті құрамында албан, суан, жалайыр, найман және т.б. тайпалары болды.



тарады деуге болады. Алайда көшпелі тайпалар жұртының басым көпшілігі баяғы ата-бабаларының шамандық нанымдарын сақтап отырды. Ислам дінінің ел ортасына терең тамыр жаюы нәтижесінде көне түркі жазуы және соғды жазуы ығыстырылып, араб әліппесі негізіндегі жаңа түркі жазуы қалыптасты. Қалаларда мешіт, медреселер ашыла бастайды.

Сонымен, дін мәселесін қорыта келе айтсақ, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы мен мәдениетінің өркендеуіне толыққанды монотеистік¹¹⁷ дін болып саналатын ислам дінінің тигізген ықпалы ерекше.

Дінге байланысты және бір айтылуға тиіс мәселе-әр түрлі діндердің көне түркі тілінің базалық лексикасына тигізген әсері. Осы мәселенің қыр-сырының қиындығы соншама оны ғылыми тұрғыдан айтып шығу үшін көлемді монографиялық еңбекті жазып шығудың өзі де аздық қылатыны даусыз. Дегенмен, осы орайда мына бір шындықты айтпасқа болмайды. Мысалға салыстырма ретінде ерте заманда тек түркі тілінде ғана сөйлеген ислам дініндегі қазақтар мен христиан дініндегі сахалардың (якуттардың) тілдерін алайық. Қазіргі қазақ тілінде Х ғасырдағы көне түркі тілінің базалық лексикасының шамамен 90 пайызы сақталған болса [81, 9], ал саха тілінде бұл көрсеткіш, менің есебім бойынша, 10 пайызға да жетпейді. Сондықтан ислам дініндегі түркітілді халықтардың тілдеріндегі өзара ұқсастық көп екені байқалса, ал бұл тілдердің христиан және будда діндеріндегі түркітілді халықтардың тілдерімен өзара үйлестігі қазіргі күнде шамалы.

8-ші суретте түркі тайпалары аттарының алғаш тарихқа белгілі болған кезеңдері көрсетіледі.

¹¹⁷ Монотеист - бір Құдайға сиыну.

Біздің эраға дейінгі ғасырлар												Біздің эрадағы ғасырлар												
12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
Сақтар және күндер																								
Арғындар																								
Қаңлылар																								
Үйсіндер												Қыпшақтар												
												Наймандар												
												Керейлер												
												Жалайырлар												
												Мұңғолдар												

8-ші сурет. Түркі тайпалары аттарының алғаш тарихқа белгілі болған кезеңдері.

ҮШІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Отыз жылдай хан болып дүркіреп тұрған қаһарлы Әбілқайырдың әскері 1457 жылы Сығанақ қаласы жанында Өз-Темір тайшы басқарған ойраттардан ойсырай жеңілгені тарихтан белгілі. Осыдан кейін Әбілқайыр хандығының саяси ахуалы күрт нашарлап, қарапайым көшпелілер мен Жошы хан ұрпақтарының оған деген қозқарастары өзгеріп, ел ішінде өзара араздық күшейе түседі. Оның үстіне мемлекет ішіндегі қайшылықтардың шиеленісуіне Әбілқайыр ханның ойраттар шапқыншылығынан болған шығынды өтеу мақсатымен иелігінде малы бар адамдардан жиналатын алым-салық мөлшерін едәуір өсіруі де қатты әсер етеді. Осы кезде Тоқай-Темірден¹¹⁸ тарайтын Жошы хан ұрпақтары Жәнібек Барақұлы мен Керей Болатұлының¹¹⁹ да хан тағына отыруға үміттері болатын-ды. Бұл үміттің астарында, менің ойымша, Барақ хан өлгеннен кейін оның иелігіндегі жерлер мен ұрпақтары түгелдей Шайбан¹²⁰ тұқымы Әбілқайыр ханның қарамағына қарап кеткені жатқан секілді. Сол себепті Жәнібек пен Керейге Әбілқайырға тәуелді болу, әрине, кезінде азда болса да биліктің тәтті дәмін татып қалған Орыс ханның ұрпақтарына онша ұнамағаны түсінікті. Алайда Жәнібек пей Керей сұлтандар¹²¹ Әбілқайыр ханмен ашық түрде күресіп өз ойларын жүзеге асыруға шамалары келмейтіндіктерін жақсы түсінетін-ді. Сондықтан Жәнібек пен Керей сәті түсті-ау деген кезде мүмкіндікті жедел пайдаланып, шамамен 1459-1460 жылдары елдегі ханға қарсы пиғылдағы біраз жұртты соңдарынан ерітіп, Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығып, Есенбұқа ханның жері Моғолстанға¹²² қоныс аударады. Сонда Есенбұқа хан өзімен

¹¹⁸ Тоқай-Темір - Жошы ханның 13-ші ұлы.

¹¹⁹ Тоқай-Темірдің шөпшегі Орыс ханның балалары: Құйыршық хан, Тоқтақия хан. Құйыршықтан: Барақ хан, одан Жәнібек; Тоқтақиядан: Болат, одан Керей. Демек, Жәнібек пен Керей шөберелес туыс болады.

¹²⁰ Шайбан - Жошы ханның 5-ші ұлы.

¹²¹ Сұлтан - ханның хандыққа ие болмаған ұлы.

¹²² Моғолстан - қазіргі Қазақстанның солтүстік-шығыс аумағындағы мемлекеттің аты (6-шы суретті қараңыз).

жауласып жүрген інісі Жүністі қолдап отырған Әбілқайырдың күшін әлсіретуді ойлап, Жәнібек пен Керейді қуана қарсы алып, олардың иелігіне Шу өзені бойынан жер бөліп береді [41, 232 - 235].

Сөз реті келгенде айта кетейік, бірқатар тарихшылар Жәнібек пен Керейдің Моғолстанға көшу себебін сол бір шырғалаң кезде Қарақыпшақ Қобыланды батырдың арғындардың биі Ақжолды (Дайырқожаны) өлтіруімен байланыстырады. Осы қайғылы уақиғаға байланысты қыпшақтар мен арғындардың арасында туған дау-дамайда Әбілқайыр хан батырды жақтайды. Осыған наразылық білдірген арғындардың біразы Жәнібек пен Керейдің соңынан еруіне себеп болады. Сондықтан тайпалар арасындағы тартысты екі сұлтанның Әбілқайыр ханнан бөлініп көшіп кетуінің басты себебі деу, меніңше, дурыс емес. Ақжол бидің өлімі тек арғындардың бір бөлігінің Жәнібек пен Керейдің қатарына қосылуға ғана себеп болғаны шындыққа жанасады.

Әзірге қазақ тарихнамасында Жәнібек пен Керейдің Әбілқайыр ханнан бөлініп Моғолстанға кеткенде олармен бірге қай тайпалардың қанша адамдары болғандығы жайында ешқандай жазба деректердің жоқтығы анық. Дегенмен, кейін де 1460 - 1465 жылдары Әбілқайыр ханға наразы болған бірсыпыра адамдардың Жәнібек пен Керейге келіп, қосылғаны белгілі [83, 103]. Сонымен, алты жылдың шамасында Жәнібек пен Керейді жақтаушылардың саны көбейіп, үлкен күшке айналады. Міне, осындай көзге түсерліктей бір жерге шоғырланған адамдардың үлкен тобы ақырында екі сұлтанға жаңа хандық билікті орнатудың қажет екендігіне ой салғанға саяды.

Сөйтіп, осы жерде 1465 жылы Жәнібек пен Керей қазақ хандығының іргесін қалап, 1466 жылы Қозыбасы төбесінде Қазақ хандығының алғашқы туын көтереді. Қозыбасы қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданында, Тарғап ауылынан оңтүстік-шығыс бағыттағы сегіз шақырым қашықтықта жатқан Текшетаудың ішінде. Осы таудың ортасында дөңгеленіп келген Қозыбасы төбесі бар (9-шы сурет).

Қазақ хандығының тұңғыш ханы болып жасы үлкен Керей сайланып, Жәнібек сұлтан оның ақыл иесі болды. Сөйтіп, ағайынды екі сұлтан қолдаса қимылдап, Қазақ хандығының іргетасын нығайтуға кіріседі.

Керей мен Жәнібек туған-өлген жылдары белгісіз. «Жәнібек» деген оның лақап аты, шын есімі Әбусағит. Жәнібекті ел арасында сақталған аңыз-жырларда «Әз-жәнібек»¹²³ деп те атайды. Ол шамамен 1473 жылдан кейін соғыста қазаға ұшырайды. Керей хан да шамамен 1473 жылдан кейін Моғолстан ханы Жүністің ордасына жасаған шабуыл кезінде опат болады. Жалпы, Керей мен Жәнібек туралы тарихи деректер жоқтың қасы.

Қазақ хандығының тізгіні Керей ханнан кейін оның үлкен боласы Мұрындықтың (1480-1511 жж.) қолына тиеді.

Жәнібек пен Керей Жетісуда хандық орнатқаннан бастап, оның құрамындағы көшпелі түркі тайпаларының халқы¹²⁴ өздерін «қазақ» деп атай-тұғын болды. Сонымен, қорыта айтқанда, тарих бетіне алғаш рет Қазақ хандығы, қазақ тілі, қазақ ұлты және қазақ халқы келеді. Сол кезде Қазақ хандығының құрамына кірген тайпалар тегіс қыпшақ тілінде¹²⁵ сөйлейтін еді. Бұл тілді Қазақ хандығы пайда болғаннан бастап, әрине, «қазақ тілі» деуіміз дұрыс болады. Сайып келгенде, қазақ тілі қыпшық тайпаларының диалектісі негізінде жетіліп қалыптасқан көне түркі тілінің табиғи және тікелей жалғасы болып саналады.

Алғашқы Қазақ хандығының этникалық құрамын Әбілқайыр хандығында болған 92 түркі ру - тайпалары¹²⁶ тізіміне кірген жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қият, қаңлы, оймауыт, керей, оңғұт, маңғұт, үйсін, тілеу, кердері, табын және тама сияқты бүгінгі қазақ халқының этникалық құрамында бар рулар мен тайпалардан ғана аңғаруға болады [59, 210 - 213].

¹²³ Әз - Жәнібек - ардақты Жәнібек деген мағынаны білдіреді.

¹²⁴ Халық - белгілі бір елді, мемлекетті тұрақты мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.

¹²⁵ Қыпшақ тілі - Алтын Орданың мемлекеттік тілі. Алтын Орда хандарының жарлықтары және сол кездегі көптеген әдеби шығармалар осы қыпшақ тілінде жазылғаны белгілі.

¹²⁶ Осы 92 түркі ру - тайпалары Әбілқайыр хандығы алғашқы кезде Өзбек ханның құрметіне «Өзбек ұлысы» деп аталуына байланысты тарихи әдебиетте «көшпелі өзбектер» болып жазылса, ал Қурбанғали Халид оларды «тоқсан екі баулы өзбек» деп жазады [30, 57]. Бұл «өзбектердің» қазіргі өзбек халқының атымен ешбір байланысты жоқ екендігі кейінірек те сөз болады.

Қазақ халқының этникалық құрамына енген қыпшақ, арғын, найман, керей, қаңлы, үйсін және т.б. тайпалар XV ғасырда Батыс Сібірден Сырдарияға, Таулы Алтайдан Жем өзеніне дейінгі ұлан-байтақ аумақты қоныстанған болатын-ды. Бұл тайпалар осы жерлердің байырғы тұрғындары, сондай-ақ Алтын Орда, Ақ Орда және Моғолстанның этникалық негізі де болып саналатын-ды. Қазақ хандығы құрылуы қарсаңында қазақ ұлтының негізін салған белді тайпалардың өріс-қоныстары төмендегі кестеде көрсетілген.

Тайпалар аттары	Тайпалардың өріс-қоныстары
Арғын	Ертістің сол жақ өңірі, орталық Қазақстан, ішінара Сырдария бойы және Жетісудің батыс жағы
Найман	Ұлытаудан Есіл өзеніне дейінгі өңір
Қоңырат	Түркістан мен Қаратау өңірі
Керей, Керейт ¹²⁷	Жетісу және Тарбағатай, Таулы Алтай, Зайсан көлінен Ом және Тобыл өзендеріне дейінгі өңір, Жем және Торғай өзендерінің бойы
Қаңлы	Қаратау баурайы, Сырдария мен Талас өзендерінің арасы
Үйсін	Жетісу өңірі
Жалайыр	Орта Сырдария өңірі, Қаратау баурайы, Жетісу аймағы
Қыпшақ	Ертіс пен Торғай өзендерінің арасы, Тобылдың төменгі бойынан Сырдарияға дейінгі жерлер

¹²⁷ Керейт - XIII ғасырда керейлердің бір бөлігі меркіттермен бірге, Жем, Торғай өзендері бойын мекендейді. Осы жердегі керейлер кейін «керейт» атымен Кіші жүз құрамындағы Жеті-ру тайпалары бірлестігіне қосылады [87, 537].

Қорыта келгенде, қазіргі Қазақстан аумағын сан ғасырлар бойы мекен қылған байырғы түркі ру-тайпаларының мұрагерлері әр түрлі экономикалық - қоғамдық формацияларды бастарынан өткеріп, оның ішінде олар аталық биліктен мемлекеттік биліктің аясына жеткенде «қазақ» деген ресми атақ ие халық болып қалыптасты. Осы сан ғасырлық қалыптасу үдерістерін төмендегі кестеден көруге болады.

Билік шеңбері	Билік шеңберінің құрамы	Билік иесі
Адамдар тобы	Бір әулеттің ¹²⁸ ұрпақтары	Ата, немесе ақсақал
Ру	10 әулеттің ұрпақтары	Би
Тайпа	Тілдес рулар бірлестігі	Тайпа басы
Тайпалар одағы	Тілдес тайпалар	Көсем
Хандақ мемлекет	Тілдес, діндес, ділдес рулар мен тайпалар	Хан


Сонымен, тілдес, діндес, ділдес түркі тайпаларының бірігуі негізінде құрылған қазақ хандығымен қатар біріңғай этникалық топ - қазақ халқы қалыптасты. Шу мен Талас өзендерінің алабына орналасқан Қазақ хандығының аумағын тарихи деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деп атады [10, 384-385].

Әйтсе де, кейбір зерттеушілер қазақ халқының ұлт болып қалыптасқан мезгілін 1465 жылдан тым әріге шегереді. Мысалы, Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Мағауин: «...бүгінгі Қазақ-мың жылдан бері тұтас халық¹²⁹. Беріден санағанда жеті-сегіз ғасыр. Жошы ұлысы-Алтын Орданың рулық құрамына қараңыз. Түгел өзіміз. Қазақ Ордасы (хандығы. - С. Ж.) тұсында Алаш¹³⁰ ұранымен біржола ұйысыппыз», - дейді [84, 116].

¹²⁸ Әулет - бір атаға жататын үрім-бұтақ.

¹²⁹ Бұл сөйлемді ерекшелеген автор С. Ж.

¹³⁰ Алаш - «қандастар» деген мағынаны білдіретін көне түркі сөзі; Қазақстан жерін ортағасырдан арғы кезде мекендеген түркі тайпаларының ортақ атауы.



Рас, Алтын Орда құрамында қазіргі қазақ халқы руларының, кемітіп айтқанда, 80 пайызға жуығы болды. Алайда олар сол заманда өздерін «біз қазақпыз» деп айтпағаны анық-тұғын. Бұл орайда Алтын Орданың пайда болуы оның құрамындағы ру-тайпалардың қомақты бір бөлігінен алдағы уақытта тезірек қазақ халқының қалыптасуына айрықша жағдай туғызды десек дұрыс сияқты. Мұхтар Мағауиннің пікірімен санассақ қазақ халқы әріде Қимақ қағанаты мен Қарахан мемлекеті кезінде, ал беріде Шыңғыс хан империясы, немесе Алтын Орда кезінде толық қалыптасқан болып шығады. Әрине, қазақ хандығы құрылуы қарсаңында Жәнібек пен Керейдің соңына ерген рулар мен тайпалар негізінен бір халық болып қалыптасуға дайын болғанын жоққа шығара алмаймыз. Алайда, «әр жеміс өз кезінде пісіп жетіседі» демекші әр түрлі маңызды жағдайлардың да кемеліне келетін уақыты болады ғой. Осы мәселе жөнінде ғұлама ғалым Шоқан Уәлихановтың: «В известиях арабских историков, как я полагаю, не должно быть ничего о казахах, ибо, я уверен, народ этот образовался не ранее XIV века при распадении Джучиева (Жошы. - С. Ж.) улуса», - деген пікірімен толық келісуге болады [85, 171].

Әрине, қазақ халқының этногенездік үдерісі бірнеше ғасырлардың нәтижесі. Бұл жөнінде белгілі тарихшы-ғалым М.Қ. Әбусейітова былай деп нақтылап жазады: «...образование Казахского ханства не было связано только с откочевкой Гирея и Джанибека, а было обусловлено всем хозяйственным, социальным, политическим развитием средневекового Казахстана и особенностями этнической истории казахов. Данная откочевка является событийным отражением одного из важных этапов этих процессов» [88, 40-41].

Қазақ халқының түп тегі Нұқ пайғамбардың немересі Түрк екендігі және одан өрбіп өскен, кейін түркі аталған тайпалар туралы алдыңғы үш тарауда айтылған әңгіменің қысқаша ұзынырғасы, міне, осындай.

Сонымен, айтылатын түйінді сөз: Ежелгі заманнан Қазақстан атты тарихи-этнографиялық ұлан-ғайыр аумақты мекендеген,

генетикалық және тілдік - мәдениет жақындығы бар, мінез - құлық пен әдет-ғұрыпында ортақ сипаты бар түркі тайпаларының (арғын, үйсін, найман, керей, қоңырат, қыпшақ, жалайыр, қаңлы, алшын, т.б.) тұрақты араласу, тоғысу және өзара құдандалы болып қан алмастыру нәтижесінде бір ұлтқа бірігудің толғағы жеткен кезде және этногенездің жалпы заңдылықтары бойынша табиғи түрде олардың дамуы толық аяқталғанда «қазақ» деген атпен қалыптасуы басқа халықтардың өмірінде бұрын-соңды мүлдем болып көрмеген құбылыс. Солай болғанда, қазақ халқы кездейсоқ жағдайда түркі тайпаларының жиынтығынан пайда болған жай бір құранды емес, сол тайпалардың шамамен мың жыл бойы өз бастарынан саяси-қоғамдық өмірлерінде этникалық интеграция, консолидация, ассимиляция, сеперация, аккультурация сияқты объективті үдерістерді өткізіп, етене болып біріккен тұтас бір текті халық.

Жаңадан құрылған Қазақ хандығының шығысында ойраттар, оңтүстік - батысында Әмір Темір әулеті билеген Сырдария мен Амудария аралығындағы Мауреннахар мемлекеті, солтүстігінде Сібір хандығы болатын-ды.

Қасым (1445 - 1523 жж.) хан тұсында Қазақ хандығы нығайып, ірі, күшті мемлекетке айналды. Ол өзбек ханы Мұхамед Шайбаниды тізе бүктіріп, Сырдария бойындағы көне қалалардың басым көпшілігін Қазақ хандығына қаратты. Содан кейін Қазақ хандығы Сырдарияның бойын тұтас жайлап, солтүстікте-Ұлытау, оңтүстікте - Қаратау, батыста-Жайық өзеніне, шығыста-Жетісуға дейінгі ұлан байтақ аумаққа қанат жайды. Сөйтіп, Қазақ хандығы одан әрі күшейіп, халқы көбейіп, жері кеңейді. Осы кезде қазақ халқының саны бір миллионға жетеді [89, 144]. Көршілес үлкен мемлекеттердің ішінде Ұлы князь III-ші Василий (1479 - 1533 жж.) басқарған Москва мемлекеті бірінші болып, Қазақ хандығымен дипломатиялық байланыс орнатады [41, 275].

Сонымен бірге, Қасым хан көшпелі қазақ халқына күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, ой-көзқарасына орай жаңа тәртіп орнатқаны тарихтан белгілі. Оның қазақ халқы

алдындағы зор еңбегінің бірі - тарихымызға

«Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен кірген Қазақ мемлекетінің тұңғыш құқықтық құжатты жасауы болды. Бұл құжатта: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жалпы әлеумет заңы сияқты бес бөлімді ережелер болды. Бұл құжат кейін Тәуке хан тұсында шыққан әдет заңдары «Жеті жарғыға» негіз болғаны белгілі. Сондықтан тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым хандай құдіретті ешкім болған емес», - деп тегін жазбаған. Қазақ хандығының ұлғаюы мен нығаюына кейін Ақназар, Есім, Тәуке хандар зор үлес қосты.

Қазақ халқының қалыптасуы бір ғасырда емес, он ғасыр шамасында болып, ақыры 1465 жылы Қазақ хандығы бастапқыда ондаған ру-тайпалардан құралса да, кейін оның құрамына туысқан басқа ру-тайпалар қосылды. Мәселен, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы біржолата ыдырағаннан кейін осы мемлекеттердің құрамындағы түркі руларының көпшілігі қазақ халқының тобына қосылды. Сөйтіп, XVII ғасырдың басында қазақ халқының бірігуі аяқталды. XVII ғасырдың аяғында қазақ халқының құрамында шамамен үш жүздей ру болды [106, 17].

Қазақ халқының этникалық аумағының қазіргі Қазақстан картасындағы көлеміне дерлік межеленуі XVII ғасырдың ішінде толығымен аяқталды [90, 5].

Осы ұлан-байтақ, өлкені қазақ халқы, әрине, ғайыптан сыйлыққа алған жоқ. Бұл жер сан ғасырлар бойы қазақ халқын дүниеге әкелген түркі тайпаларының ортақ атақоныс мекені болғаны баршаға аян. Оның әрбір шаршы жерін Ұлы ата-бабаларымыз сыртқы жауымыз болған жоңғарлармен¹³¹ бір жырым ғасырдай (1604 - 1758 жж.) арпалысып, атысып-шабысын дегендей қорғай білді.

¹³¹ XII ғасырдың соңында қазіргі Батыс Монғолияда торғауыт, қошут, чорос, хойты, т.б. түркі тайпалары «ойрат» деген ортақ атаумен бір саяси одаққа бірігеді. Ойраттар өз еріктерімен Шыңғыс ханға қосылып, әскерінің сол қанатын құрады. Осы «сол қанат» деген мағына беретін ойратша «зүн гар» сөзі кейінірек «жоңғар» деген сөзге айналып, ойраттар осылай да атала бастайды. Жоңғар хандығы (1635-1758 жж.) жойылғаннан кейін, ойраттардың бір бөлігі Еділдің құйылысындағы Ресей жеріне өтті де, қалмақтар деп аталды [127, 21]. Қазіргі бұл жерде Қалмақ автономиялы Республикасы бар.

Міне, Қазақ хандығының құрылуы жайлы қолда бар деректерте сүйеніп айтылған ойлар осы еді.

Сонымен, жоғарыда I, II және III тарауларда айтылған ойлардан туындайтын түйінді пікірлер:

1. Сақ және күн тайпалары күллі түркі тілдес халықтардың, соның ішінде өте-мөте қазақ халқының түп тегі.

2. Күндерден тараған мұңғолдар түркі халықтарының бірі.

3. Үйсін мемлекетінен бастап 1465 жылға дейін шамамен 18 ғасыр бойы қазақ ұлтының қалыптасу үдерісі болды.

4. Қазіргі Қазақстан аумағында үйсін мемлекетінен санағанда 1465 жылға дейін 17 мемлекет болды.

5. Керей мен Жәнібек сұлтандардың өздерін «қазақпыз» деп санаған біраз жұртпен Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстан жеріне қоныс аударуы өз кезегінде қазақ халқының этногенезінің аяқталуына және Қазақ хандығының құрылуына қолайлы жағдайлар жасады.

6. Қазақ хандығы - ұлттық мемлекет болып қалыптасқан мемлекет.

7. Қазақ халқы - бірнеше түркі тілдес тайпалардың этникалық бірігуінен пайда болған көп бұтақты біртұтас халық.

8. Ықылым заманнан бері Сары теңізден Батыс Еуропаға дейінгі жерлерді жайлап, көшіп - қонып жүрген көптеген түркі тайпалары ұрпақтарының біртұтас «қазақ» деген халық болып қалыптасуы - дүние жүзіндегі басқа халықтардың этногенезінде бұрын - соңды болмаған ғажайып уақиға.

9. Барша түркі әулетінің Еуразия басқұрлығының қақ ортасына орналасқан қара шаңрағына қазақ халқы ие болды. Осы жөнінде аса талантты шежіреші - ақынымыз Мағжан Жұмабаев өзінің «Түркістан» атты өлеңінде:

*«Көп түрік енші алып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?»*

- деп [108, 175] тегін айтпаған ғой.

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ МАҒЫНАСЫ

Халық, ұлт атын білдіретін «қазақ» деген сөздің қашан пайда болғандығы және оның мағынасы туралы екі ғасыр бойы зертеліп, бір-біріне қарама қарсы талай-талай пікірлер айтылып та, жазылып та келеді. Алайда солардың бәрін тәптіштеп айтып және әрқайсы жөнінде жеке-жеке талдау жасау - басқа ғылыми еңбектің міндеті. Дегенмен, солардың ішінен осы уақытқа шейін көбірек тілге тиек болып келе жатқан төмендегідей үш пікір - жорамалды айта кету керек секілді.

1. Қаз-ақ. Бағзы заманда көсіліп жатқан бетегелі кең далада дәл бір түзу сызықтай біріне-бірі тіркесіп көшіп бара жатқан арбалы, аттылы, түйелі қалың жұрттың көшін көрген біреу: «Па, шіркін! Мына көш қаз-ақ екен», - депті. Содан кейін осы жұрт «қазақ» атылып кетіпті-мыс.

2. Қас сақ. Мұндағы «қас» деген сөз көне түркі тілінде «нағыз» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, қазақ тілінде: «Қас сұлуда мін болмас, қас жүйрікте сын болмас», «қас жау», «қас батыр» сияқты сөз тіркестері бары белгілі. Абайдың: «Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп, Әсте жоқ кеселді істен биттей қорқпақ» дегендегі «қас» сөзі де нағыз деген мағынада. Демек, қас сақ - «нағыз сақ» деген сөз. Осы «қас сақ» сөзтіркесінен этностың аты «қазақ» пайда болған. Бұл пікірді алғаш талантты тарихшы - ғалым С.М. Ақынжановтың (1939 - 1991 жж.) әкесі белгілі ғалым Мұсатай Ақынжанов айтқаны белгілі. Шынында да, «қас сақ» деген сөзтіркесіндегі қатар келген тіс жолды үнді екі «с» дыбысы айтыла келе көмескіленіп, сондай үнді бір «з» дыбысына ауысуы қазақ тілінің фонетикалық сингармонизм, яғни үндестік заңына қайшы келмейді. Тіпті, «қас сақ» сөзтіркесін жылдамдата қайталап айта берсек, оның «қазақ» деген сөзге айналып кететініне әр адамның көзі жетеді.


Мұндай екі-үш сөзден қосылған этнонимдер түркі халықтарында ертеден бар нәрсе. Мысалы, «қыпшақ» деген атау «құп» (мықты) сөзі мен «сақ» деген тайпалар бірлестігі

атының қосылуынан шыққан. Кейін «құпсақ» (мықты сақ) атауындағы «ұ» мен «с» дыбыстары айтыла келе «п», «а» дыбыстарымен өзара үндесіп, «ы», «ш» дыбыстарына айналып, «қыпшақ» атауы пайда болған. Ал «массагеттер» деген этноним «мас», «сақ» және «кете» деген үш тайпаның аттарының бірге қосылуынан шыққан. Мұндағы «мас» - сақ тайпалар бірлестігінің құрамындағы тайпаның аты болса, ал «кете» - Кіші жүздегі тайпалар одағындағы рудың аты. Осы кете этнонимі және қазіргі күні қазақ әдебиетінде «геттер» (орысша: готы) деп жазылып жүрген атау бір сөз болуы мүмкін. Өйткені тарихшы - шығыс зерттеушісі С. П. Толстов (1907 - 1976 жж.) массагеттер атауын фракиялық готтар атауымен байланыстырады [53, 503]. Арғытүркі тайпасы саналатын кетелер (геттер) б.з.б. I ғасырда төменгі Дунайдың екі жағын мекендегені тарихтан белгілі. Ал бұл жер-ежелгі скифтердің (арғытүркілердің) қонысы. Демек, еуропалықтар ертеден бері кетелерді «геты», «готф», «готы» деп бұрмалап жазған.

Біздің жыл санауымыздан алты ғасырдан арғы кезде қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген сақтар көршілес парсы және қытай елдеріне өздерін «біз қас сақтармыз» деп таныстыратын болған. Соңдықтан бұл елдер оларды қазіргі қазақ атауына тым ұқсас «хасак», «касак», «һасак», «козак» деп атаған. Осы айтқанымызға мына бір тарихи дерек дәлел бола алады.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ирандағы Британ отарлау әскерінің майоры, ғалым Г.К. Роулингсон Бехистун тауынан Ахемен әулетінің Хамадан қаласына таяу орналасқан жазғы ордасы маңынан б.з.б. VI ғасырда жартасқа қашалып салынған сына жазулы тексті бар барельефті алғаш ашудың абыройына ие болады.

Барельефте салтанатты түрде отырған шаһиншаһ Дарий I және оған қастандық жасамақшы болған тоғыз адам бейнеленген. Мұндағы шошақ төбелі бас киімі бар 9-шы адамның парсы емесігі анық дейді заманымыздың атақты ақыны Олжас Сүлейменов «Язык письма» деген кітабында [131, 369]. Бұл адамның сақ екені ешқандай күмән туғызбайды. Тек осы адамның ғана басы-



нан жоғары «sk-un-ha-s-ak» деген жазу бар.

Геродот кітабында Орталық Азияда көшпелі сақтар туралы жазылғанын білетін Роулингсон жоғарыдағы жазудың белгілерін антропонимдық дыбыс тіркесіне санап, оларды былайша біріктіреді: «Skunha-sak». Алайда зерттеушілер «skunha» деген сөздің мағынасын ажырата алмайды. Осы жазуды Олжас Сүлейменов басқаша «skun hasak» деген түрге келтіріп, оның тәржімесі «хасақ көсемі» екендігін анықтайды. Әрине, тасқа жазылған «хасақ» сөзі дәлме - дәл айтқанда қазіргі қазақ этнонимі деуге негіз бар [131, 369].

Енді «қас сақ» деген сөзтіркесіне байланысты мына бір деректі де айта кеткен орынды сияқты. Мұсатай Ақынжановтың 1960 жылғы жыртылмалы қазақша күнтізбесінің 9-шы ақпан күнгі парағының сыртына басылған «мынаны білесіз бе?» деген хабарламасында: «1955 жылы басылып шыққан «Батыс-солтүстік аз ұлттар тарихының деректері» деген жинақта: Біздің заманымыздан арғы 250 - 100 жылдарда қазақ ұлыстарының бірі-үйсіндер Қытай императорының сарайына елші болып барғанда өздерін қассақтармыз деп таныстырғаны жөнінде ресми документ жарияланды», - деп жазылған. Бұдан кейін ол: «Үйсіндер өздерін «қасүйсін» демей «қассақпыз» деп таныстыруының екі себебі болған: 1) Қытай деректері бойынша үйсіндер «сэ» жұртының ұрпағы болған. Қытай жылнамасының «сэ» дегені «сақ» екенін тарихшы - ғалым С.П. Толстов анықтаған болатын; 2) ерте кезде Орта Азия, Қазақстан жерін мекендеген көшпелі ру-ұлыстардың көпшілігі ұзақ уақыт сақ одағында болған. Сақ жауынгер ел болып, оның даңқы бірнеше ғасырлар бойына жауының жүрегін шайқалтқан», - деп анықтама береді.

«Қазақ» деген этнонимдік атаудың қазіргі қазақтардың халық болып қалыптасуынан көп бұрын пайда болғаны анықталап отыр. Ежелден бері-ақ кейбір түркі тайпалары мен рулары айбынды «сақ» деген атауды қадір тұтып, өздерін былайғы жұртқа «қас сақпыз», немесе «қазақпыз» дейтұғын болған. Сондықтан бұл атау олармен қарым - қатынас жасаған, жазу-сызу мәдениеті бар елдердің жазба деректерінде бар. Атап айтқанда, «қазақ» ата-

уы араб, парсы, қытай, византия, орыс және мұңғол жылнамаларында кездеседі. Бұл елдердің тіл өзгешілігі мен жазу - сызудағы дағды-дәстүрлеріне сай «қассақ», «қазақ» атаулары әр алуан түрде - хаса, қайсақ, қасақ, қасоқ, қасог, хасаг, хасағ, ғасаг, т.б. болып жазылып келген. Енді осы атаулар жөніндегі тарихи деректерге қысқаша тоқталып өтелік

Мысалы, қазақ атауы Тан империясы¹³² тарихында «хаса» түрінде жазылған [100, 22]. Ал мұңғолдар арыдан қазақты «хасаг» деп атайтын болған. «Моңғолдың құпия шежіресінде» «хасаг тэргэн»¹³³ деген сөзтіркесі көп ұшырасады. Бұған мысал ретінде аталмыш шежіреден мынадай жыр жолдарын келтіре кетуге болады:


*«Басқаның жерін жауламай,
Қоздырмай, сірә, дау-дамай,
Дидар сұлу қыздарды
Қазақ күйме¹³⁴ мінгізіп,
Жетелетіп біз нарды,
Ежелден хан жаралған,
Қасиетті қара орман
Құтты қосақ егеміз».*

Осы жолдардағы «қазақ күйме» сөзтіркесі жай айтыла салмағаны анық. Моңғол Халық Республикасында тұратын қазақ ғалымы Ислам Қабышұлы: «.. қазақ атын оның ежелгі көршісі моңғолдар мен қырғыздар ғана «қасақ», «хасаг» деп дұрыс жазып келген. Моңғолдар қазақ атын Х ғасырдан бастап дұрыс атап келгенін қазақтар күні бүгінге дейін білмесе керек», - деп жазады. Мұңғолдар сонау XIII ғасырда да қоңыраттарды «хасаг» деп атағандығын «Моңғолдың құпия шежіресінен» жоғарыда үзіндісі алынған қоңырат тайпасына арналған жырлар айқын дәлелдейді [120, 6]. Мұңғолдардан басқа өзбек, қырғыз, ұйғыр, башқұрт, корей, татар (болғар), мадьяр, грузиндердің тарихнамаларында да қазақ сөзі «хасаг» деп жазылады. «Қас

¹³² Тан - 618-907 жыадары өмір сүрген Қытай империясының аты.

¹³³ Хасаг тэргэн - қазақ арбасы, күймесі деген мағынаны білдіреді.

¹³⁴ Бұл сөздерді ерекшелеген автор С. Ж.



сақ» сөзтіркесін кавказдықтар мен римдіктер де «хасаг» деп жазады [63, 8]. Қазақ атауын тек әзербайжандар ғана «қазақ» деп дұрыс айтады. Бүгінде Әзербайжан Республикасында Қазақ ауданының орталығы - Қазақ қаласы бар.

А. И. Левшин (1799 - 1879 жж.) мен А. Вамбери (1832 - 1913 жж.) сияқты қазақ тарихын зерттеушілер «қазақ» деген сөздің IX - X ғасырлардан белгілі екендігін айтады [63, 8]. Мәселен, IX ғасырда өмір сүрген араб авторы Әдһам әл - Купидің шығармасында «қазақ» деген сөз ұшырасады. Ал X ғасырдағы араб ғалымы Мәсғұдидың еңбегінде де «қасақ» деген жұрттың аты аталады.

982 жылы парсы тілінде жазылған «Хұдұд әл-ғалам» (Әлем шекаралары) атты кітапта Алан мемлекеті¹³⁵ және оның қалалары жайындағы әңгімеде: «Алан елінде қасақ деген ұлыс бар», - деп жазылған. Араб саяхатшысы және жазушысы Мұхамед әл-Ауфидің 1228 жылы жазылған «Таңдаулы әңгімелер мен аңыздар жинағы» атты кітабында: «Алтайды мекендеген қарлықтар ... тоғыз ұлысқа бөлінген, бұлардың ішінде ... үш ұлыс қазақ бар», - деген дерек бар [93, 21, 32].

Византияның императоры Константин Порфирордни (905-959 жж.) өз жазбаларында Солтүстік Кавказдағы Кубань өзенінен шығысқа қарай мекендеген елді «Казахия» деп атайды. Ол кезде Кубанның шығыс жағында Хазар қағанаты б олғандығы белгілі.¹³⁶ Егер хазарлар өздерін «қазақпыз» деп атамаған болса император Порфирордни оны жөн-жосықсыз жаза салмағаны анық. Ал ол кезде (X ғасырда) орыс пен украин

¹³⁵ Алан мемлекеті - Солтүстік Кавказдың орталық бөлігінде IX-X ғасырларда болған. Алан көшпелі тайпалар бірлестігі б.з.б. 1-ші мыңжылдықтың соңы мен б.з. 1-ші мыңжылдықтың басында Батыс Қазақстан мен Солтүстік Кавказ даласын мекендеген. Аландар сарматтардан бөлініп шыққан. Қазіргі осетиндер аландардың үрім-бұтағы болып есептеледі [121, 242].

¹³⁶ Осы кездегі хазарлар туралы Н. М. Карамзин: «Хазары, единоплеменные с турками, издревле обитали на западной стороне Каспийского моря, называемого Хазарским в Географиях Восточных. Еще с третьего столетия они известны по Армянским летописям; в Европа же узнала их в четвертом веке вместе с Гуннами, между Каспийским и Черным морем, на степях Астраханских. Аттила властвовал над ними; Болгары также, в исходе V века; но Хазары, все еще сильные, опустошали между тем южную Азию, и Хозрой, Царь Персидский, должен был заградить от них свои области огромною стеною, славною в летописях под именем Кавказской, и донине еще удивительною в своих развалинах», - деп жазады [25, 24].

казачествосының аты да, өзі де жоқ еді. Осы деректі Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» атты кітабының І-ші томындағы «Карта России IX века с окрестными странами» деген карта да растайды. Аталмыш картада солтүстік ендіктің 42 - 44 градусы мен Қара теңіз бен Каспий теңізі аралығындағы жерге «Касоги» деп жазылған [25, 108]. Осы касогтар туралы Н.М. Карамзин жоғарында аталған кітаптың ІІ-ші томында: «Чрез несколько лет Мстислав¹³⁷ объявил войну Касогам или нынешним Черкессам...», - деп жазады [25, 11]¹³⁸. Сонда Н.М. Карамзиннің осы дерегінен қазіргі черкестердің (адыгейлердің) де өздерін ХІ ғасырда «қас сақпыз» (яғни қазақпыз) дегенін аңғаруға болады.

Н.М. Карамзин өзінің тарихи ұлы шығармасында [25], [122] черкестер туралы сөз қылғанда олардың касогтар (яғни қазақтар) екендігін әрдайым атап көрсетеді. Мысалы, ол: «... суть Черкесы, коих страна в X веке именовалась Касахию: Осетинцы и теперь называют их Касахами»¹³⁹; «... Моголы ... покорили ... Касогов или Черкесов»¹⁴⁰; «... жители Ахматовых были Черкасы и назывались Казаками; что они бежали к Баскаку¹⁴¹ в Канев¹⁴² и построили городок Черкасск...»¹⁴³ [25]¹⁴⁴; «... Торки и Берендеи¹⁴⁵, называясь Черкасами, назывались и Козаками ...».

Енді осыдан кейін: Н.М. Карамзин айтқан черкештер кімдер деген орынды сұрақ туындауы анық. Бұлар, меніңше, Хазар қағанаты құрамында болған «черкес» (қазақша: черкеш) деп аталған тайпаның ұрпақтары. Ал «торк» пен

¹³⁷ Мстислав - Новгород пен Киевтің князі І Владимирдің баласы.

¹³⁸ Бұл уақиға ХІ ғасырда болған.

¹³⁹ Бұл сөздәйек І-ші томда [25, 105].

¹⁴⁰ Бұл сөздәйек ІІІ-ші томда [25, 141].


¹⁴¹ Баскак - көне түркі тілінде жаулап алынған жерлердегі ханның өкілі деген сөз.

¹⁴² Канев - Украинадағы қаланың аты (қазіргі Черкаскы обл.).

¹⁴³ Черкасск - Украинадағы қазіргі Черкаскы қаласы.

¹⁴⁴ Бұл сөздәйек ІV-ші томға берілген 167-ші ескертпеден алынды [25].

¹⁴⁵ Торки и Берендеи - түркі тектес көшпелі тайпалар. «Торки» (қазақша: торктар, торк) деген этноним орыс әдебиетінде «узы», «гоцы», «огузы» [123, 411], «гузы» [124, 1337], ал қазақ әдебиетінде «тореттер» [35, 116], «торктар» [125, 293] деп жазылып жүр. Н. М. Карамзин жазған «берендеи» деген атау қазақ әдебиетінде «берендейлер» деп жазылады [125, 293].



«берендей» деген сөздер шеркеш тайпасының құрамындағы рулардың аттары екені анық. Міне, осы шеркештердің, сондай-ақ торктар мен берендейлердің IX - XI ғасырларда өздерін ежелгі сақтардан өрбіген «қас сақпыз» деген сөзтіркесінен «қазақ» атауы пайда болғанға ұқсайды.

Жоғарыда бірінші тарауда баяндалған «иирк» деген арғытүркі тайпасының атына «торк» атауының тым ұқсас екендігіне қарағанда осы екі атау академик В.В. Латышев пен А. Әбдрахманов айтқандай бір этнонимдік «түрк» атауының екі түрлі жазылуы сияқты.

Кейбір тарихи шығармаларда торктар мен берендейлердің оғыздардың тайпалық бірлестігінен бөлініп шыққаны айтылады [125, 293]. Осы деректің дұрыстығына дәлел ретінде Н. М. Карамзинның еңбегінен¹⁴⁶ төмендегі төрт сөздәйектерді оқып көрелік:

1. «Узы называются в Византийских летописях Гуннами и Скифами... Баер без всякого основания считает Узов и Половцев и Команов (құмандарды. - С. Ж.) за один народ»¹⁴⁷.

2. «Узы и Печенеги¹⁴⁸, единоплеменники Туркоманов» [25, 88].

3. «... Печенеги и Команы говорили одним языком»¹⁴⁹.

4. «Торки единоплеменники с Туркоманами и Печенегами» [25, 125].

Торктардың, яғни шеркеш-қазақтардың жаугершілігі жөнінде Н. М. Карамзин кітабының II-ші томында [25]: «Узы... в 1065 году перешли Дунай, опустошили землю Болгарскую, Македонию и часть Фракии», - деп жазылған¹⁵⁰. Торктар XV ғасырда пайда болған Осман империясының негізін салған түркі тайпаларының бірі болған. Бұл турасында Н.М. Карамзин: «Народ, именуемый в Восточных летописях Гоцами, в Византийскими Огузами или Узами, единоплеменный с Торками, которые долго скитались в степях Астраханских, служили Владимиру святому, обитали после

¹⁴⁶ Н.М. Карамзин. История государства Российского [25].

¹⁴⁷ I-ші томға берілген 90-шы ескертпеден.

¹⁴⁸ Печенегтер - VIII - IX ғасырларда Еділ өзенінің батысындағы даланы мекендеген түркі тайпалары бірлестігінің атауы (қазақша: бесенелер).

¹⁴⁹ II-ші томға берілген 112-ші ескертпеден.

¹⁵⁰ Бұл да сонда.

близ Киева, и до самого нашествия Татар составляли часть Российского конного войска - сей народ мужественный, способствовав в Азии основанию и гибели разных Держав (Гасневидской, Сельчукской, Харазской) наконец под именем Турков Османских основал сильнейшую Монархию, ужасную для трех частей мира, и еще доныне знаменитую», - деп жазады [122, 210].

Шыңғыс хан шапқыншылығы кезінде берендейлердің бір бөлігі Болгария мен Венгрияға ауып, қалғандары кейін Алтын Орданың халқымен сіңісіп кетеді [125, 293].

Осы орайда қазақ рунамасын жетік білетін Мұхамеджан Тынышбаевтың Кавказдағы қазіргі черкестер мен қазақ халқын құраған алшын тайпалары бірлестігінің құрамындағы шеркеш руының арғы тектерінің бір екендігі туралы айтқан пікірін де ескеру керек [95, 95].

Н. М. Карамзин өзінің кітабының [25] II-ші томында: «... многие из них (торктар мен берендейлер. - С. Ж.) остались на Днепре, были известны под общим именем Черных Клобуков¹⁵¹ или Черкасов, и служили Россиянам», - деп жазады¹⁵². Бұдан кейін ол: «Сия имя (Черные Клобуки. - С. Ж.) было для них общим и дано им, без сомнения, от черных шапок. Тоже значит имя нынешних Каракалпаков ... Сих же Черных Клобуков называли Черкасами»¹⁵³.


Көріп отырғанымыздай, торктар, берендейлер, Кавказдағы Черкестер және Қазақстандағы шеркештер Өзбекстандағы қазіргі қарақалпақтардың арғы аталары екендігі даусыз.

Сонымен, жоғарыда мысалға алынған тарихи деректемелер «қас сақ» сөзтіркесінің біздің жыл санауымыздан бұрын, ал «қазақ» деген атаудың VII ғасырдан кейін жарыққа шыққандығын дәлелдейді. Алайда, «қас сақ» сөзтіркесінен пайда болған «қазақ» атауының жоғарыда көрсетілген бұрмаланып жазылған

¹⁵¹ Клобук - орыстың жазушысы В.И. Дальдың белгілі түсіндірме сөздігі бойынша «қалпақ» деген ұғымды білдіреді.

¹⁵² Бұл сөздәйек II-ші томның 90-шы бетінде.

¹⁵³ Бұл сөздәйек II-ші томға берілген 218-ші ескертпеден алынды.



түрлерінің бәрі де сол кездегі белгілібір этностың жалқы аты емес, өздерін «қас сақ» санаған ру-тайпаларды басқа елдердің өз тілдерінде атаған жалпы атаулары еді.

Алтын Орда құрамында тарихи деректер бойынша 92 түркі тайпалары болған. Осы тайпалардың толық тізімі алғаш рет XVI ғасырда Ферғана тұрғыны Сайф ад - Дин молданың «Маджму ат - таварих» («тарихи жинақ») атты тәжік тілінде жазылған шығармасында берілген [11, 200, 210 - 213]. Алайда осы тізімдегі тайпаларды орыс тарихшысы Н. Ханыков алғаш рет өзінің «Описание Бухарского ханства» атты кітабында жария қылғанда Өзбек хан кезінде жалпы Дешті Қыпшық қауымы оның атымен «Өзбек елі» деп аталуына байланысты «көшпелі өзбек тайпалары» деп жазып жібереді [11, 202]. Содан кейін бұл тайпалар орыстың тарихи әдебиетінде «92 өзбек тайпалары» деп жазылады.

Осы 92 «көшпелі өзбек тайпалары» тізіміне байланысты қазақтың тарихи шығармаларында күні бүгінге дейін әр алуан жаңсақ пікірлер айтылып келеді. Мысалы, Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» атты кітабынан: «Өзбекке қатысты бірнеше деректер бар. Менің сүйенетінім, өзбек түркі тектес бір адам болған. Оның 92 ұлы болған. Сондықтан осылардан таралған ұрпақ-әулеттері «тоқсан екі баулы Өзбек» деп атанған», - деп жазылған аңызға ұқсас дәйектемемені оқимыз [30, 57].

«Маджму ат - таварих» атты шығармада берілген 92 түркі тайпаларының тізімімен осы кітаптың соңындағы №1 қосымшадан танысуға болады. Осы 92 түркі тайпаларын атақты тарихшы Ибн Рузбихан Исфакхани (XVI ғасырда өмір сүрген) төмендегідей үш топқа бөледі:

1. Шайбанидтер әулеті (бұлардың ішінде Еділдің шығысында тұратын қыпшақтар мен қыпшақтанып кеткен мұңғолдар бар).

2. Өздерін «қазақпыз» деп санаған тайпалар.


3. Маңғыттар¹⁵⁴ (бұлардың ішінде қарақалпақтар мен ноғайлар бар).

¹⁵⁴ Маңғыт - Батый хан әскері құрамында Дешті Қыпшаққа келіп, жергілікті түркі тайпаларына сіңісіп кеткен мұңғол тайпалары бірлестігіндегі тайпаның аты.

Сайф ад - Дин шығармасындағы 92 түркі тайпаларының аттарын Құрбанғали Халид өзінің «Тауарих хамса» деген кітабында қазақшалап жазғанда түпнұсқада жоқ «өзбек» атты тайпаны көрсетеді [30, 58]. Әрине, мұның қате екені даусыз, себебі түркі тарихында «өзбек» деген тайпа болған емес. 92 тайпалардың Құрбанғали Халид қазақша атаған нұсқасы осы кітаптың соңындағы №2 қосымшада берілген. Бұл атаулардың түпнұсқамен салыстырғанда қаншама дұрыс-қисықтығы жөнінде сөз қозғау осы жазып отырған кітабымыздың тақырыбына жатпайды.

«Қазақ» деген сөздің халық этнониміне қалай айналғанын анықтау барысында тағы бір айтылуға тиісті мәселе - Әбілқайыр хандығы жөнінде қысқаша мәліметтер. Ақ Орда ханы Барақтың (туған жылы белгісіз - 1428 ж.) өлімінен соң, қыпшақ, найман, қоңырат, арғын, қаңлы, т.б. тайпалық одақтардың қолдауымен Шайбан ұрпағы Әбілқайыр хан тағына отырды. Ол билікті қолына алғаннан кейін, Дешті Қыпшақ қауымы бұрын 30 жыл хан болған Өзбек ханның (туған жылы белгісіз - 1342 ж.) құрметіне «Өзбек елі» деп аталуына байланысты [30, 59; 5, 41, 43], өз мемлекетін де «Өзбек хандығы» деп атайды. Алайда бұл хандық құрамындағы тайпалардың бәрі дерлік болашақ қазақ халқының құрамына кірген тайпалар бола-тұғын. Және де олардың басым көпшілігі сол кезде-ақ өздерін «қазақпыз» деп санаған-ды. Сондықтан бұл мемлекет «Өзбек-Қазақ хандығы» деп те аталды [39, 43]. Сонымен бірге, жазба деректерде Өзбек хандығы: Әбілқайыр хандығы, Орта жүз хандығы, Көшпелі өзбектер хандығы деп те жазылды. Бірақ өкінішке орай, осы күнгі қазақ тіліндегі кейбір тарихи әдебиет беттерінде Әбілқайыр хандығы құрамындағы түркі тайпалары (яғни болашақ қазақтар) әлі де «көшпелі өзбектер» деп жазылып келеді.

Енді Әбілқайыр хандығы иелігіндегі этникалық жерлерге көз жүгіртейік. Бұл хандық Жайық өзенінен Балқаш көліне, Арал теңізінен Ертіс өзенінің төменгі ағысына дейінгі Дешті Қыпшақ жерлерін алып жатты. Хандықтың астанасы алғашында Батыс Сібірдегі Тура (қазіргі Тюмень) қаласы болып, кейін 1466 жылы Сырдария бойындағы Сығанақ қаласына көшірілді. Осыдан



байқағанымыздай, Әбілқайыр хандығы - қазіргі Қазақстан аумағында орналасқан феодалдық мемлекет.

Тағы бір басын аша айтар нәрсе, Жәнібек пен Керейге еріп, өздерін қазақ санаған адамдарды «көшпелі өзбек» тайпаларынан бөлініп шығуына байланысты Мұхамеджан Тынышбаев пен Мұсатай Ақынжанов өз еңбектерінде кейбір тарихшылардың қазақты - өзбектен, өзбекті - қыпшақтан шықты деп теріс пікір айтып жүргендігін айтады [95, 129; 39, 44]. Мұндай негізсіз долбар жасап, әрине, жұртты адастыруға әсте болмайды.

Осы ретте қазіргі өзбек халқының этникалық құрамы туралы да айта кету керек секілді. Тарихи деректемелер бойынша өзбектер - бір тобы сасанидтерден¹⁵⁵, бір тобы селжүктерден¹⁵⁶, бір тобы біздің даладан көшіп барған шайбанидтерден¹⁵⁷, енді бір тобы қаңлылардан тұрады.

Сонымен, жоғырада айтып өткенімізді саралап келгенде, Жәнібек пен Керейдің Шу бойында хандық құруына тікелей қатысқан біздің ата-бабаларымыздың ежелгі сақтардың ұрпақтары екендігін біліп, өздерін «қас сақпыз» деп санап, осы сөзтіркесінен жалпы түркі әлемінде сонау VII ғасырдан пайда болған жарасымды «қазақ» атауымен тұңғыш мемлекетін «Қазақ хандығы» деп атағынын асқан білгендік деп бағалауымыз керек.

Қазақ сөзінің этимологиясына қатысты айтылған бірсыпыра тарихшылардың тұжырымдары мен болжам пікірлерін жан-жақты салыстыра зерттей отырып, олардың ішінде, әділін айтар болсақ, тек белгілі түрколог - ғалым Мұсатай Ақынжановтың пікірі ғана тиянақты тарихи шындыққа сай келеді демекпіз. Оның пікірінше «қазақ» атауы - «қас сақ» сөзтіркесінен келіп шыққан. Демек, «қас сақ» - нағыз сақтар әулеті деген ұғымды білдіретіні даусыз. Сонда қазақтың арғы тектерінің бірі сақтар болғанда, «қас сақтан» қазақ сөзінің пайда болғаны айдай

¹⁵⁵ Сасанидтер - негізін I Ардашир салған парсы патшаларының (224 - 651 жж.) әулеті.

¹⁵⁶ Селжүктер - негізін түркі - оғыз тайпаларының көсемі Селжүк салған «Ұлы Селжүк» сұлтанын (X - XI ғғ.) билеушілерінің әулеті.

¹⁵⁷ Шайбанидтер - Шыңғыс ханның немересі Шайбан хан әулеті.

булаву и печать. Сии-то природные воины, усердные к свободе и к Вере Греческой, должныствовали в половине XVII века избавить Малороссию¹⁶¹ от власти иноплеменников достояние оного. - Собственно так называемые Козаки Запорожские были частью Малороссийских: Сеча их, или земляная крепость ниже днепровских порогов, служила сперва сборным местом, а после сделалась жилищем холостых Козаков, не имевших никакого промысла, кроме войны и грабежа. - Вероятно, что пример Украинских Козаков, всегда вооруженных и готовых встретить неприятеля, дал мысль и северным городам нашим составит подобное земское войско. Область Рязанская, наиболее подверженная нападению Ординских¹⁶² хищников, имела и более нужды в таких защитниках. Люди молодые, бездомовные, записывались в Козаки... В истории следующих времен увидим Козаков Ординских, Азовских, Ногайских и других: сие имя означало тогда вольницу, наездников, удалцев, но не разбойников, как некоторые утверждают, ссылаясь на лексикон Турецкий: оно без сомнения не бранное, когда витязи мужественные, умирая за вольность, отечество и Веру, добровольно так назвался» [122, 230 - 232].

Осы мысалға алған сөздәйектен қазіргі Ресейдегі, Украинадағы және Қазақстандағы казактардың (казак-орыстардың) қай кезде, қай жерде пайда болғанын, олардың нендей шаруамен айналысқанын және олар уақыт өте келе көбейіп, өздерінің қауыпсыздығын сақтау мақсатымен «қазақтар» атты қауымға біріккенін, сосын христиан дінін қабылдағанын, кейін бұдан басқа Ордалық, Азовтық, Ноғайлық деп аталатын казактар қауымын құрғанын білеміз. Сөз қылып отарған казактарға байланысты аталмыш еңбектің [122] V-ші томына берілген 415-ші және 416-шы ескертпелерден мынадай жолдарды оқи аламыз:

1. «... ханские Баскаки имели при себе воинов, называемых Козаками, и что города наши (Ресейдің. - С.Ж.), подражая им завели своих Козаков...».

¹⁶¹ Малороссия - XVII ғасырдың ортасынан бергі Ресейдің ресми актілеріндегі Украинаның атауы.

¹⁶² Ординские - Шыңғыс хан әулетінің қоныстары.

2. «Доныне Козаками именуют у нас (Ресейде. - С.Ж.) вольных работников или наемников».


Осы бірінші тарихи дерек көзінен Шыңғыс хан әулеті жаулап алған жерлердегі хандардың өкілдері жанында және орыс мемлекетінің оңтүстігіндегі кейбір қалаларда ерікті қазақтар тобы болғанын біле аламыз. Ал екінші сөздәйекте Н.М. Карамзин сол кезден бастап ерікті қазақтарды орыстардың «казактар» деп жазғынын айтады.

XV ғасырда ерікті қазақтар қауымы Дон және Еділ өзендерінің төменгі ағысында да құрылады. Бұл қауымдар XVI ғасырда орыс мемлекетінің әскери сословиясына айналып, Ресейдің оңтүстік және оңтүстік - шығыс шекарасын қорғауға пайдаланды. Кейін Канев, Городец-Мещерск (Касимовтар), Терек, Жайық ерікті казактар қауымы [123, 323], Сібір, Астрахань, Орынбор, Жетісу және Уссури казак әскерлері пайда болды.

Кеңес үкіметі кезінде жойылған әскери казактар қауымы өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап Украинада, Ресейде және Қазақстанда қайтадан құрыла бастағаны белгілі.

XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап қазақ халқының аты Ресейдің шығыстану әдебиетінде «кайсак» деп жазыла бастады. Дегенмен, орыстың казак сословиясының атымен кайсак сөзінің тым ұқсастығын мүлдем жою үшін орыстың ресми құжаттарында және әдебиетінде қазақ халқының аты «киргиз» деп жазылатын болды. Осыған байланысты М. Тынышбаев 1925 жылы Ташкентте басылып шыққан кітабын «Материалы к истории киргиз - казакского народа» деп атауына тура келді.

Сәкен Сейфуллин Халық Комиссарлары Кеңесінің председателі болып тұрғанда 1923 жылдың 15-ші ақпанында «Еңбекші қазақ» газеті арқылы «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген ұран тастады. Содан кейін 1925 жылғы 15-19 сәуірде өткен Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы кеңестерінің 5-ші съезі қазақ халқының шын атын — «қазақ» деген атауды қалпына келтірді, ал орысша тексте «казак», «Казакстан» деп жазылатын болды. Алайда Қырғыз Автономиялық Кеңестік социалистік Республикасы Орталық Атқару комитеті



Президиумінің 1936 жылғы 9-шы ақпандағы қаулысы бойынша, орыс тілі үшін «казах», «Казахстан» деген атау қабылданды. Осылай болып қазақ атауы орыс тілінде күні бүгінге дейін жазылып келеді.

Сонымен, жоғарыда айтылған деректерге қарағанда бір мағынадағы «қазақ» деген атауға қазірде орыс сословиясы (казактар) мен республикамыздың негізгі халқы (қазақтар) ие болып отыр.

Осы ақиқатты қазіргі Қазақстандағы казак - орыстардың санасына жеткізу біздің тарихшыларымыздың кезекті міндеті екендігін атап айтқымыз келеді.

3. Қазақ - баспанасыз, қаңғыбас, қашқын, ерікті адам деген ұғымды білдіреді [41, 250].

Жәнібек пен Керейдің соңыңа ілесіп, Моғолстан жеріне барған адамдар да өздерін «қазақпыз» дегендер болатын-ды [5, 47; 43, 233]. Осы қазақтар елден бөлініп, басқа жерге қоныстанып оқшауланғандықтан және олар қазақ хандығы құрылғанша біраз жыл Жетісу өңірінде босып жүргендіктен былайғы жұрттың оларды «қашқын, елден безген, қаңғыған қазақтар» деп сипаттауы мүмкін. Міне, осы шындықты дұрыс түсінбеген кейбір тарихшилардың «қазақ» этнонимінің шығу түп - төркінін «баспанасыз, қаңғыбас, қашқын, ең далада босып жүрген ерікті адамдар» деген мағыналы сөздермен байланыстырулары қандай анайы пікір десеңші.

БЕСІНШІ ТАРАУ

ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Қазақтың қариялары бағзы заманнан бері ата-бабаларының есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізіп отырғаны белгілі.

Кешегі «Құдай жоқ, дін - апиын, руыңды (тегіңді) білу жікшілдік, жеті атаңды білу менмендік тудырады» деген Кеңес үкіметі дәуірінде жастардың дені әкесінің, атасының, әрі кеткенде екінші атасының есімдерін ғана айта алды. Мұндай білместік келешекте бүкіл жастарды қамтитын болса, онда қазақ халқы ғасырлар бойы қалыптасқан этникалық генофондтың сапасын мүлдем жоғалтып, ұрпақтарымыздың басына мәңгірттік жағдай түсетіні анық.

Қазақ халқының құрамындағы жеке рулардың ішіндегі ата-бабалардың есімдерін таратып, қағазға жазылған шежірелердің¹⁶³ ертеден болмағаны көпшілікке аян. Бұл жөнінде білгір шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Біздің бұл қазақта тасқа таңба басқандай анық шежіре жоқ... Оқу мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтұғын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған», - деп жазады [98, 9]. Осындай адамдар арқылы ататек шежіресі атадан балаға, баладан немере, шөбереге мирас болып, ауыздан ауызға тарап бүгінгі заманға дейін жетті. Мұны қазірде ғалымдар «даланың ауызша тарихнамасы» (ДАТ) деп атап жүр. Бірақ өкінішке орай, бүгінгі кезде ел арасында шежіре білетін, көпті көрген көнекөз қарттар жылдан - жылға азайып барады, тіпті жоқтың қасы деуге де болады.


Ел арасында шежіре ДАТ арқылы дамыды десек те, кезінде ардақты ойшылдарымыздың жазбаша қалдырып кеткен жалпы қазақ халқының тарихы мен шежірелері туралы еңбектері де бар. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалаиридың «Жәми-әт-

¹⁶³ Шежіре - «шаджарад» деген араб сөзінен пайда болған. Бұл сөз «бұтақ», «тармақ» деген ұғымдарды береді.

«Тауарих» жылнамалары, Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз шежіресі», Мұса Шормановтың, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежірелері - халқымыздың қымбат қазыналары. Сондай-ақ, қазақтың зиялы азаматтарының шежірелері Ресейдегі Қазан төңкерісіне дейін баспаханаларда кітап болып басылып шықты. Олар: Шәкәрім Құдайбердіұлының 1911 жылы Орынборда басылған «Түрік, қырғыз - қазақ һәм ханлар шежіресі», «Нұржан Наушабайұлының 1903 жылы Қазанда жарық көрген «Манзумат қазақиясы», Ғұсманғали Сыдовтың Уфада 1914 жылы шыққан «Қырғыз - қазақ шадманиясы», Әлихан Бөкейхановтың «Қарқаралы уезі»¹⁶⁴ деген тарихи еңбектер. Осы кітаптардан кейін Кеңес үкіметі кезінде қазақ шежіресіне қатысты жарық көрген алғашқы еңбек - Мұқамеджан Тынышбаевтың 1925 жылы Ташкентте басылған «Материалы к истории киргиз-казакского народа» атты орыс тіліндегі еңбегі.

Содан бері шежіре тақырыбына өктемді отаршыл саясат 40 жылдан аса уақыт тұмылдырық салып келді. Тек 1968 жылы ғана В.В. Востров пен М.С. Мұқанов жазған «Родоплеменный состав и расселение казахов (конец XIX - начало XX в.)» атты кітабы жарық көрді. Бұдан кейін шежірелік кітаптар - жеке рулардың шежірелері Алматы және облыс орталықтарында шыға бастады. Солардың ішінде Қарағандыда 1991 жылы шыққан И.О. Омаровтың «Арғын ұруларының қысқаша шежіресі», 1992 жылы Алматыда шыққан С.Толыбековтың «Қазақ шежіресі», 1992 жылы Алматыда жарық көрген Б. Серікбайұлы құрастырған «Қоңдырат шежіресі», Тарақты Ақселеудің «Балталы, Бағаналы ел аман бол» атты шежіресі (Алматы, 1993 жыл), 1994 жылы Алматыда 30 мың тиражбен шыққан Хамит Мадановтың «Кіші жүздің шежіресі», Медеу Сәрсекеевтің «Атамұра» баспасы 1995 жылы басып шығарған «Тарақты және Қаракесек шежіресі», Тілеке Жеңістің «Ертіс - Баянаула өңірі» атты шежіре кітабы (Павлодар - Омбы, 1995 жыл), Т.А. Еңсебаевтың көлемі 58 баспа табақ «Қанжығалы шежіресі» (Павлодар, 2004 жыл) бар.

¹⁶⁴ Бұл кітапта осы уезді 1898-1899 жылдары мекендеген 21 болыс елдің этникалық құрамын анықтаған 18 кесте берілген [99, 4].



Осы аталған шежірелерді мұқият оқып шығып, ондағы ататекке байланысты қайсыбір деректерді салыстара отырып, ой елегінен өткізгенде байқағанымыз: қазақ халқының түп тегі, оның құрамындағы тайпалардың тектері және олардан өрбіген рулар мен аталардың көбінде, турасын айтсақ, дәлдік жоқ; ауызекі әңгімелердің желісімен кетіп, жансақтыққа ұрынудан ала-құлалық, кем-кеттік, қым-қиғаш мәліметтер, аталар таралымында өзара жанаспайтын кереғар есімдер, тіпті қоспалар да баршылық.

Енді осы айтылған жайлардың ұзын - ұрғасы аясында әңгіме бастау үшін қолда бар шежірелерден алынған қазақтың түп тегі жайында жазылған бірін-бірі қайталамайтын алты сөздәйекті мысалға алып көрелік:

1. «Қазақ - Алаштың ұрпағы. Алаштан-Жайылхан, Сейілхан... Жайылханнан-Қазақ, Созақ, Ұзақ туады... Қазақтан-Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) тарайды» [101, 12].

2. «Алаштан-Сейілхан, Жайылхан, Майқы, Созақ, Қазақ. Қазақтан - Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз)» [102, 86].

3. «Нұх пайғамбардың кіші ұлы Яфас (Иапес. - С.Ж.), мұның үлкен ұлы Түрік, Түрік әулеті Дәшті Қыпшақ. Дәшті Қыпшақ әулеті Тұразбек хан. Тұразбек ханнан Мухсин, одан Зермәрдән, одан Рақаша, одан Нәдір, одан Мәлік, одан Әнес, одан Мағаз, одан Жәбал. Жәбалдан Шәһәйіл және Ақшолпан. Ақшолпаннан Қырғыз. Шәһәйілден Аққурай, Аламан. Аламаннан халифалық түріктер. Аққурайдан Алаш, Сейілхан. Сейілханнан түрікпен-дер тарайды. Алаштан Жәйілхан. Жәйілханнан Майқы би. Майқы биден Өзбек пен Сабиан. Сабианның балалары Қазақ, Сазақ, Долағай, Айырқалпақ. Сазақтан қарақалпақтар тарайды.

Қазақтан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деген үш бала туған, бұлар үш арыс деп аталады. Ақарыстан Ұлы жүз, Жанарыстан Орта жүз, Бекарыстан Кіші жүз тарайды» [103, 4].

4. «... казахи ведут свой род от Яфса (Иапеса. - С.Ж), сына пророка Нуха (Ноя), от народа Тукю (по-китайски), т.е. тюр-

ков... После этого народ тюркский назывался Хун или Гун (күн. - С.Ж)... В последующие столетия тюрки известны под многими именами, но мы - из ветви Уйғыр... Народ этот составляли тайфы (қазақша: тайпа. - С.Ж.): кыргыз, канлы, кыпчак, аргынот (арғын. - С.Ж), найман, керейт, доглат, ойсын (үйсін. - С.Ж.) - т. е. наши прямые предки ... когда хан Озбек - потомок Джучи - принял ислам, все, кто в улусе его и предки наши стали называться озбеками, а когда Аз-Жанибек отделился от хана Ногая и народ наш последовал за ним, мы стали называться киргизами и казаками. В ту пору наименование «казак» носили не только три казахских жуза, но и другие племена» [5, 41 - 42].


5. «...Қадыр, ... Қалша деген аталарымыз болған... Олар әлде Түрік, әлде Сақ, әлде Хун аталған деседі...

Қадырдың баласы Алаш делініпті... Алаштан Жайыл туады. Жайылдан Қазақ деген жалғыз ұл... Қазақтан екі ұл болыпты: Жұман, Тұман» [104, 34-35].

6. «... Алаштан Сейілхан, Жайылхан, Елхан деген үш ұл туады... Сейілханнан сегіз арыс Түрікмен тарайды. Жайылханнан - Өзбек, Елханнан - Сабиян туады. Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Майқы би...

Майқыдан Қазақ, Созақ, Ұзақ атты үш ағайынды тарайды» [105, 5].

Осы сөздәйектерді оқыпшыққан әркім «Қазақ» деген баланың есімдері бес түрлі әкеден туғанын аңғарады. Атап айтсақ, ол әкелердің есімдері: Жайылхан, Алаш, Сабиян, Жайыл, Майқы. Тек жоғарыдағы төртінші сөздәйектің авторы Шәкерім Құдайбердіұлы ғана Қазақты ешкімнен туғызбай, «қазақтар өзінің тегін Нұқ пайғамбардың баласынан, түрк халқынан бастайды» деп жазады. Сонымен қатар, ол осы сөздәйекте «қазақ» деген этнонимдік атаудың тек үш жүзге біріккен біздің халықта ғана емес, басқа да тайпаларда бар екендігін айтады. Бұл пікір, менің ойымша, шындыққа жатады. Жоғарыда мысалға алған сөздәйектерден байқағанымыздай, Қазақтың әр басқа әкеден туылуындай ала-құлалықты біз кітап болып шыққан шежіре-



лердегі өтірікті әшкерелеу үшін айтып отырғанымыз жоқ. Құдай ондай құпірліктен сақтасын. Біздің түпкі ниетіміз - кейінгі ұрпаққа ата-тегімізді дәлірек анықтап түсіндіру.

Бұл жерде ендігі бір айтылар сөз: Кейінгі кезде шыққан рулық шежірелердің қай-қайсысында болмасын кездесетін негізгі кемшілік - этнос пен ру - тайпалардың атауларын әдетте антропоним (кісі аты) ретінде алып қарау. Мәселен, «қазақ» деген сөз кісі аты емес, этностың (халықтың) атауы. Сондай-ақ, «арғын», «үйсін», «найман», «қоңырат» деген сөздер де антропоним емес, тайпалардың атаулары, яғни олар этнонимдер болып саналады. Демек, қазақ Бәленшеден, арғын Түгеншеден туды деп айтуға әсте болмайды.


Әйтсе де өмірде нақтылы болмаған Қазақты Бәленшеден туғызып, одан Түгеншелер дүниеге келді деу - көне замандағы ата - бабаларды білмегенге мойымай жүйрік ойдың қиялына бой алдыру. Осы орайда, турасын айтсақ, жұмыр Жердегі барлық адамзат әулетінің Адам-Ата мен Хауа-Анадан тарағаны хақ. Алайда адамзат әулетінің көне замандағы шежіресі тарих сахнасында мәңгілік жабылып, бізге жазба түрде түгіл, ДАТ арқылы да жетпеді.

Б.з.б. ұзақ дәуірде болған соңғы Ұлы топан суынан кейін Жер бетінде адамзаттың кезекті бесінші нәсілі - Нұқ пайғамбардың үш ұлынан өсіп - өрбіген үрім-бұтақтар өмір сүріп келе жатқаны осы кітаптың бірінші тарауында сөз болғанын тағы да еске саламыз. Солардың ішінде дүние жүзіндегі барлық түркі халықтарының түп атасы Нұқ пайғамбардың немересі Түрк екені де айтылды. Әңгіменің орайына қарай біз бұл жайында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақтың түп атасы» деген 302 жолдық өлеңінен мынадай деректерді оқи аламыз [128, 30]:

*«Қазақтың түп атасы батыр түрік,
Арабсың деген сөздің түбі шірік.
Пәленше сахабаның затысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік.
Адамның тұқымынан Нұх пайғамбар,
Үш Ұлы - Сәм, Хам, Япас міні, осылар.
Япастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген сонан өсіп, талай жандар».*

Осы Түрк бабамыздың өмір сүрген кезінен бастап Түркі қағанатына дейін шамамен 44 ғасыр уақыт өткен екен. Бұл дегеніңіз - адамзат тарихының тұңғық дәуірі. Ал бұдан кейінгі Түркі қағанаты мен Қазақ хандығының құрылуы аралығын тоғыз ғасырдай уақыт бөліп тұр. Осынау қиян дәуір аясында да қазақ халқының құрамына кірген тайпалар ішіндегі жеке рулардың ататек шежірелері көнеден бар түркілердің дәстүрі бойынша ұрпақтан - ұрпаққа ДАТ арқылы беріліп отырса да қағазға түспегендіктен бізге түгел, толық күйде жеткен жоқ. Түркілер арасында ежелден жалғасқан ататек шежіресін ауызша ұрпаққа қалдырып отыру үлгісі бары жөнінде Рашид ад-Дин былай дейді: «... монғол-түркілердің көнеден жеткен салт дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар ... балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес...» [66, 29]. Мұны Рашид ад-Дин шамамен XIV ғасырдың басында жазғаны белгілі. Түркілер дәстүрі осылай бола тұрсада, өкінішке қарай, қыншақ тілінде жазба ескерткіштер кем дегенде бұдан бір жарым мың жыл бұрын пайда болсада түркі жұртының әрідегі ата-бабаларының шежіре-тарихы мәңгілік ұмытылмастай етіліп, тасқа қашалып жазылмағандықтан ДАТ арқылы бізге жеткен мағлұматтарда кейбір аталар мүлдем жоғалып үзілгені аксиомадай анық нәрсе. Соңдықтан бүгінгі қай шежірені алмасыңда, онда, мысалы, өмірде болмаған Жанарыстың балалары Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ деп қате жазылуының бар шындығы сол ұмыт болған арғы аталарды білмеуде жатыр.

Міне, осы пайымдауды негізге ала отырып, қазақ шежірелеріне қиялдан шыққан ата-баба есімдері сыналап кіргенге ұқсайды. Бұл арада мәселенің шындығына келсек, қазірде ата таратуға қолданып жүрген шежірелеріміздің қайсыбірінде ғана арғы атаның есімі әрі кетсе XIV ғасырдан, ал көпшілігінде XVI ғасырдан белгілі. Яғни біздер небәрі 15 - 21 атадан тұратын 5 - 7 ғасырлық шежірені пайдаланып жүрміз. Одан арғы аталар ұмыт болған.



Дегенмен, біздің қазақта ата-баба тамырын өте терең жылдарға жеткізетін шежірешілер де болыпты. Мысалы, Қазыбек бек Тауасарұлы: «Біздің тектіміз - тамырымыз өте алыста, одан бері ығылым замандар өткен. Әңгімелейтін анық білдім дейтін жердің өзі екі мың бес жүз жылдай», - деп жазды да өзіне дейінгі 88 атасын есімдерімен атап береді [104, 28, 124 - 126]. Содан кейін ол мынандай да ғажап деректі айтады: «Бұқар аға (Бұқар жырау Қалқаманұлын айтып отыр. - С.Ж.) асқан шежіре, оның Арғынның жетпіс үш атасына дейін айтқан шежіресін де көшіріп бердім. Оны ұрпағы жаттап, жадына сақтап өсер деген дәмелімін. Бұқар жырау сияқты адам бүгінде біздің тұстарымыз арасында сирек» [104, 383]. Бұқар жыраудың өзіне дейінгі аталардын артық-кемі жоқ 24 ғасырға жеткізе таратып, қағазға жазылған осы шежіресі біздің қолымызда жоқ және оны қайдан табамыз? Әйтсе де, жоққа өкініш білдіре отырып, үмітсіз болмайық, келешекте бәлкім ол шежіре табылып та қалар.

Шежіреге байланысты тағы бір нәрсе анық. Ол-әр адам сонау ықылым заманнан тек өзінің қай тайпаның, рудың ұрпағы екенін білуі. Бұл орныққан дәстүр, меніңше, қазақтар арасында күні бүгінге дейін сақталған. Қазіргі күні кез келген қазақ жастарынан: «Қай рудан боласың?» - деп сұрасаң көпшілігі мүдірмей дұрыс жауып береді. Содап кейін одан: «Жеті атаңды таратып бере аласың ба деп сұрасаң ілуде бірі ғана ары кеткенде төртінші атасына дейін айтып бере алады.

Сөз орайында мына бір деректі де айта кеткен жөн. Ұлы жазушымыз Мұқтар Әуезовтің аталары ертеде Сауд Арабиясынан Қазақстанға діни мақсатпен келіп, ислам дінін уағыздап жүріп, өздері де қазақ болып кеткен қожалар екені белгілі. Сонда ол пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед Мұстафа Саллалаһу алайһи уә сәләмнің 52-ші ұрпағы екен. Мұхаммед пайғамбардың 28-ші ұрпағы Мақайыл сопыдан¹⁶⁵ Камалатдин шейх және Айна сопы туады. Мұқтар Әуезов Камалатдин шейтхен, ал белгілі жазушы

¹⁶⁵ Сопы - исламдағы мистикалық бағытты ұстаушы адамға берілетін төменгі дәрежелі діни атақ. Бұл сөз қазақ тілінде арабтың «суфи» деген сөзінен пайда болған. Осы сөзден «суфизм» деген термин қалыптасады.

- драматург Қалтай Мұқамаджанов Айна сопыдан тарайды [107, 63]. Мінеки, осы есте қалар дерекке қарағанда араб елінде бағзы заманнан бері жазбаша шежірелердің жүйелі жолға қойылғанына ден қоясың.


Жоғарыда айтылғандай, қазіргі шежірелерге ғасырлар тереңінде жатқан түп аталарымыздың ұмыт болуынан кейбір иланымсыз қосымшалардың еніп кеткенін қынжыла ескерте отырып, біз халқымыздың қасиеті боп саналатын оның шежірешілдігіне еш күмән келтірмейміз.

Ендігі әңгіме арғын тайпасы туралы болмақ. Қазақ халқының құрамындағы ең қомақты тайпа-арғын. Арғындардың қазақ халқына ғана емес, тіпті күллі түркі тектес халықтардың тарихына өзіндік зор үлес қосқаны белгілі. Олардың саны 1917 жылдың қарсаңында 890 мың болып, жалпы қазақ халқының 15 пайызын құраған екен [59, 63]. Ертеден айтылып келе жатқан «аспандай арғын, жұлдыздай қыпшақ...» деген бейнелі теңеудің мәні тегінде осы көптікте жатса керек. Арғындардың белді жұрт екендігін Ұлы Бұқар жырау өз толғауында:

*«Мен Арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөнішкісің,
Мен өгіз терісі талыспын»*,

- деп аңғартады Сыр бойынан ауа көшіп бара жатқан керейлерге [111, 95].

Арғындардың тарихы Геродот өмір сүрген б.з.б. V ғасырдан әрі ұзайтындығы мен күн тайпалары бірлестігінің құрамында болғаны және олардың қазақ топырағының ең ежелгі тұрғындарының бірі екендігі осы кітаптың бірінші тарауында айтылды. Сол себепті Қытай, мұңғол, парсы, араб және Батыс Еуропа жазбаларында арғындар жайында мәлімет көп кездеседі. Мысалы, Орхон-Енисей жазуларында «ұлық-арғын» деген сөзтіркесі бар, ал Қытайдың б.з. V ғасырын сипаттаған тарихнамасында да «аргунь» деп аталған жұрттың болғаны айтылады. Рашид ад-Диннің «Жәмих әт-тауарихында» арғын деген жауынгер тайпаның қазіргі мұңғол жерінде V - VII ғасырларда өмір



сүргені айтылса, ал орыс зерттеушісі Н.А. Аристов (1847 - ө.ж.б.) Шыңғыс хан жорығы кезінде арғындардың найман мен керей қосындарының алдында жүріп, Батыс жақтағы жерлерді жаулап алуға қатысқанын жазады. Арғындар біздің жыл санауымыздан арғы кезде-ақ арғытүркілердің Оңтүстік Сібірден Дунай өзеніне дейінгі Ұлы қоныс аудару көшінде солардың алдыңғы катарында болған. Содан кейін олардың Еділ патшаның Батыс Еуропаға жасаған жорықтарына да қатысқаны тарихтан белгілі. Сол кезден бері арғындардың Орталық Еуропаға кеңінен танымал болғандығына сербтік Константин Михайловичтің (1438-1502 жж.) «Записки янычара» атты кітабында: «Поганые, которые приняли закон Магомета, различны: это аргины¹⁶⁶, персы, турки, татары, ..., которые не имеют на своих лицах огненных знаков» (үнділердің маңдайына салынатын дөңгелек қызыл белгі. - С.Ж.), - деп жазылған дерек те дәлел болады [130, 35].

Арғындардың біздің жыл санауымыздың V ғасырынан 1758 жылға дейінгі қысқаша тарихы Мұқамеджан Тынышбаевтың еңбегінде бірсыдырғы пайымды қамтылып жазылған [95, 73 - 78].

Қысқасы, көптеген тарихи деректер мен ескі заман жылнамалары арғындардың Еуразия құрлығында кең тарап, сол жерлерде арғынның атына қойылған жер-су атаулары күні бүгінге дейін сақталған. Мысалы, Байқал көлі сыртындағы қазіргі Чита облысындағы Аргун тау жотасы, Солтүстік Кавказдағы Аргун шатқалы, Аргун өзені және оның жағасына орналасқан Аргун қаласы, Армениядағы Севан көлінің батысындағы Арегуна жотасы, Эгей теңізіндегі Лесбос аралының оңтүстік-шығысындағы Аргинус аралдары, Франциядағы Эна мен Эр өзендерінің аралығындағы ұзындығы 40 шақырым Аргони қыраты.

Енді, осы деректердің шындығына шек келтірмей, ежелгі арғын тайпасы туралы жазылған қазақ шежірелеріне тоқталып өтелік. Қолымызда бар шежірелердің бірінде Жанарыс-

¹⁶⁶ Бұл сөзді аталмыш кітаптың орыс тілінде шыққан басылымына түсініктеме жазған А.И. Рогов былай түсіндіреді: «Аргины - видимо, жители империи Великих Моголов...» [130, 117].

тан Қарақожа, Ақтамқожа, Есмағұлқожа, Қасымқожа, Дарақожа, Момынқожа туса [103, 4], ал екінші бір шежіреде одан Қарақожа, Аққожа, Ақтамбердіқожа, Дарақожа, Есімқұлқожа, Қасымқожа туған екен [98, 14]. Осы екі шежіреде Жанарыстың балалары деген тоғыз қожаның¹⁶⁷ ішінде үшеуінің ғана аттары бір-біріне сәйкес келеді (олар: Қарақожа, Қасымқожа, Дарақожа), ал қалған алтауы әр түрлі аталады. Әрине, бұл шежірелерде өзара жанаспайтын жаңсақтық бары анық. Сондықтан бұлардан бәлендей иланымды тұжырым жасауға болмайды. Үшінші шежіре бойынша Жанарыстан жалғыз Қарақожа ғана туады [102, 86].

Біз жоғарыда «Қазақ» деген есімді адамның тарихта мүлдем болмағанын және одан Жанарыстың тумағаны шындық екенін айтқан едік. Сондықтан одан Бәленше, Түгеншелерді тарату-ерте замандағы ұмытылған аталардың орнын амалсыздан ойдан шығарылған есімдермен толтыру деп түсіну қажет.

Жоғарыда айтылғандай, екі шежіре бойынша Жанарыстан туған тоғыз баланың ішінде тек Қарақожаның ғана тарихта болғандығы туралы жазба әдебиеттерде нақтылы деректер жазылған. Мысалы, Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің (1530 - 1605 жж.) «Жами ат-таурих» атты шежіре кітабында: Алтын Орда ханы Тоқтамыстың кеңесшісі Едіге батыр «... қарауылға Ятым батырды, одан кейін Тобал батырды, одан кейін арғын Қарақожаны қойды», - деп жазғаны [132, 252] Қарақожа батырдың тарихи тұлға екендігіне нақты дәлел деуге болады. Және Қарақожа батырдың 1405 жылдың қаңтар айында Ақсақ Темір әмірге (1370 - 1405 жж.) Тоқтамыс ханның (т. ж. б. - 1406 ж.) атынан елші болып келгендігі жөнінде де тарихи дерек бар [134, 499 - 500]. Қазақтың Ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен де Қарақожа батыр туралы оқуға болады [85, 232]. Ол былай деп жазады: «Караходжа был посланником от

¹⁶⁷ Жанарыстың балаларының ныспыларындағы «қожа» деген сөзге байланысты бұл адамдарды ертеде Орта Азия мен Қазақстан халықтары арасында ислам дінін таратып, уағыздаушы Мұхаммед пайғамбардың халифтерінің ұрпақтары болып саналатын қожалармен шатастыруға болмайды. Қазақтар ислам дінін қабылдағаннан кейін осы қожаларды құрметтеп, балаларының аттарына «қожа» сөзін қоса-тұғын болған. Сол кезден бастап Қазақстандағы түркі тайпалары арасында «Әкімқожа», «Айтқожа», «Бекқожа», «Шынқожа», «Балғожа», «Нұрғожа» деген екі сөзден құралған есімдер кеңінен тарайды.

Тохтамыша к Тамерлану. Курганы этих героев находятся на правой стороне реки Ишима...» [99, 19].

Академик Қ.И. Сәтбаевтың «Ер Едіге» жырын (ел аузына жазып алынған нұсқасын) 1927 жылы Москвада жеке кітап етіп шығарғаны белгілі. Осы кітаптың алғы сөзінде ол: «Әңгіме Қара Қыпшақ Қобыландыны, арғын Қарақожа батырды Едігемен замандас етіп көрсетеді», - деп жазады [136, 355]. Сонымен бірге Қ.И. Сәтбаев жариялаған «Ер Едіге» жырында мынандай өлең жолдары бар:

«Арғындардың¹⁶⁸ басы едің,
Қарақожа батырым» [136, 367].

Сонымен, жоғарыда әңгіме қылған деректерден Қарақожа батырдың ежелгі арғын тайпасынан шыққандығы тарихи шындыққа барынша сай келеді деп тұжырым жасаймыз. Және ол Алтын Орданың бірлігін, тұтастығын сақтау жолында белсені күрес жүргізіп, Тоқтамыс ханның Ақсақ Темірге сеніп жіберген елшісі, яғни сарай маңындағы ақылгөй адамдарының бірі, әрі жауынгер серігі болғанын білеміз.

Осы айтылған жайлардан шығатын қорытынды: Орта ғасырда арғын тайпасына жататын есімі әзірге беймәлім бір адамның отбасында ер бала дүниеге келеді. Оған әкесі Қарақожа деп ат қояды. Бұл бала ержеткенде батыр атанады. Кейін осы Қарақожа батырдың бәйбішесінен Ақтанберді (лақап аты Тарақты¹⁶⁹), тоқалынан Арғын туады [99, 17]. Жаңа туған балаға арғы атабабаларының есімдерін беру түркі халықтарында ерте заманнан бар дәстүр екені белгілі. Сондықтан Қарақожа батыр да өз баласына арғын тайпасының құрметіне байланысты «Арғын» деп ат қояды. Жалпы, «арғын» деген антропонимдер түркі елдерінде көп кездеседі. Мысалы, 1284 - 1291 жылдары Персияны билеген, ислам дінін қабылдаған Шыңғыс ханның кіші ұлы Толы ханның шөбересі Арғын - хан болған [7, 245; 77, 29]; XIV

¹⁶⁸ Бұл жырда аталып отырған арғындар біздің заманнан бұрын белгілі арғын тайпасының Едіге батыр кезіндегі ұрпақтары.

¹⁶⁹ Кейбір шежірешілер Тарақтыны Арғынның жиені Иманның баласы деп айтады. Ал Әлихан Бөкейхановтың дерегі бойынша да Тарақты Арғынның қарындасының баласы [133, 148].

15 ғасырда Сириядағы өнеркәсібі мен саудасы өркендеген Халеб қаласының әмірі Арғын Дауадар; XV ғасырдағы Хорасан ханының да есімі Арғын болған.


Арғын Қарақожаұлының шыққан тегіне қатысты қазақ шежірелері арасында кереғарлық бары байқалады. Сол үйлесімсіздік жайттың да басын аша айтқан жөн секілді. Енді осы мәселе төңірегінде, меніңше, шындыққа жанаспайды деген екі пікір аясында ғана сөз қозғап көрелік.

Бірінші пікір: Құрбанғали Халид (1843 - 1913жж.) «Тауарих хамса» (бестарих) атты кітабында ешбір дәлелді дерекке сүйенбей Арғынды Дайырқожаның (Ақжол бидің) ұлы дейді. Сонымен қатар ол Жанарыстың ұрпақтары жөнінде: «Жан Арыстың Орта жүзге таралған жүз ұлының (шүбәлы мағлұмат. - С.Ж.) бірінен Қара қожа туған. Қара Қожа, ұлы қара Қөбен сопы, ұлы Мухсин сопы, ұлы Уқаша сопы, ұлы Арқұл қожа, ұлы Дайыр қожа, ұлы Арғын», - деп басқа шежірелерде мүлдем кездеспейтін адамдардың есімдерін атап көрсетеді [30, 235].

Екінші пікір: Құдайбердіұлы Шәкәрім қажының пікірінше Орта жүз құрамындағы арғындар ойрат (қалмақ) тайпасынан шыққан Хорасан аймағының басшысы болған Арғын - ағадан тарайды [5, 77]. Бұл пікір шындыққа жатпайды. Ұйткені осы пікірдің тарихи шындық еместігіне төмендегідей айғақты деректерді айтуға болады.

Біріншіден, ойраттар (жоңғарлар) тарихи деректемелерде XIII ғасырдан ғана белгілі қазіргі Монғолияның батыс жағын мекендеген түркі тайпаларының ортақ атауы [129, 447]. Демек, Орта жүз құрамында ілкі заманнан өмір сүріп келе жатқан арғындардың ұрпақтарымен бірге, Шәкәрім қажының пікірінше ойраттардан шыққан Арғын - ағаның да әулеті бар сияқты. Жоқ, шын мәнісінде Орта жүз құрамында ежелгі арғын тайпасынан шыққан Қарақожа батырдың ұлы Арғынның әулеті бар екені даусыз. Егер Орта жүз құрамында ойраттардан шыққан Арғын-ағаның әулеті барына сенер болсақ, сонда Қарақожаұлы Арғынның ұрпақтары Қазақстан жерінен қайда ауып кеткен? Түсініксіз...

Екіншіден, Шәкәрім Құдайбердіұлы: «... когда великим кага-



ном становится младший сын Чингисхана Толы, он посылает в Хорасан человека из тайфы ойрат по имени Аргын-ага, назначив его тамошним наместником. По мусульманскому летоисчислению это происходит в 440 г., или по русскому календарю - в 1262 году», - деп жазғандай Арғын-аға ойраттардан шыққан емес, тарихшы - шежіреші Әбілғазы Баһадүр ханның (1603-1664 жж.) жазғаны бойынша, біз жоғарыда айтқандай, Толы ханның шөбересі болып келеді [77, 29]. Осы сөздәйектегі тағы бір қисынсыздық: Толы хан 1232 (жылан) жылы қайтыс болады [56, 367], ал Шәкәрім қажы: ол 1262 жылы Арғын-ағаны Хорасанға жіберді дейді.

Үшіншіден, Шәкәрім қажы мынандай дүдәмалдау болжам айттады: «Если аргыны (аргыно́т), известные среди тюркских народов мира, могут быть потомками вообще древних аргынов (мұнысы дұрыс пікір. - С.Ж.), то аргыны нашего Среднего жуза - потомки именно этого Аргын-ага. К тому же имя его точно соответствует имени казахского первопредка аргынов. И мой дед, покойный Кунанбай-ходжа, тоже упоминал хана по имени Аргын-ага» [5, 77 - 78].

Осы сөздәйек бойынша Орта жүз арғындарының нақ ойраттан шыққан Арғын-ағаның ұрпақтары екендігін оның есімінің ежелгі арғындардың атына сай келуі анықтайтын сияқты. Алайда, бұл пікіріне Шәкәрім қажы ешқандай дәлелді дәйектеме айтпайды да, менің марқұм атам Құнанбай қажы да солай деуші еді» деп айғақсыз сілтеме жасайды.

Қорыта айтқанда, Арғын бабамыздың әкесі Қаракқожа батырдың әкесі мен арғы аталарының есімдері бізге әзірге беймәлім. Міне, сондықтан да Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

*« Арғыннан¹⁷⁰ әрі барсаң адасасың,
Ми жетпес көп дүниеге шатасасың.
Ол кезде сен де жоқсың, мен де жоқпын,
Несіне шежіреге таласасың?»*

- деп тегін айтпаған сияқты. Демек, ол Арғыннан арғы аталар ұмыт қалды деп есептейді.

¹⁷⁰ Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп Көпеев «Арғын» деп Қарақожа батырдың баласын айтып отырғаны күмән келтірмейді.

Сөз қылып отырған мәселеге қатысы бар тағы бір жайт - ежелгі арғын тайпасына жататын арғындардың біршамасы Қазақ хандығы құрылғанға дейін Алтайдағы, Қырымдағы, Кавказдағы, т. б. қазіргі ТМД елдеріндегі түркі тайпаларының құрамына еніп, олармен сіңісіп кетеді [135, 104 - 105].

Жоғарыда келтірілген деректерден байқауға болатыны және қорытынды жасап айтарлық пікірге келсек, біріншіден, Еуразия қосқұрлығындағы жалпы түркі халықтары әлеміндегі арғындар бір-ақ атадан тарайды десек қателесеміз. Екіншіден, қазіргі қазақ ұлтының құрамындағы арғындар ежелгі арғын тайпасының ішіндегі рулар мен Қарақожа батырдың ұлы Арғынның ұрпақтары болып саналады.

Міне, осы әңгіме қылған таным-түсініктен бүгінде «Арғын» деп атап жүрген бабамыз жеке тұлғаның есімі емес, ежелгі арғын тайпасының атауы екендігіне көз жеткізуге болады. Демек, арғындардың біздің жыл санауымыздан әрі жатқан тек-тамырын, өкінішке орай, енді жіліктеп таратып бере алмаймыз.

Мен, осы кітапты жазып отырған Серік Имантайұлы Жақсыбаев, Арғын Қарақожаұлының 17 ұрпағы боламын. Енді осы дерекке сүйеніп, Арғын бабамыздың туған жылын анықтап көрелік. Демограф ғалымдардың есебі бойынша үш ұрпақ бір ғасырды қамтиды екен. Сонда Арғын Қарақожаұлының туған жылы шамамен төмендегідей болып шығады:


$$1934 - [100 \cdot (17+1)] : 3 = 1334 \text{ жыл,}$$

мұндағы 1934 - Серік Жақсыбаевтың туған жылы;

- 17 - Арғын мен Серіктің арасындағы ұрпақтар саны;
- 1 - Арғынның өзін бір ұрпақ ретінде есепке қосамыз;
- 3 - 100 жылды қамтитын ұрпақтар саны.

Белгілі жазушы Медеу Сәрсекеев те Арғынды XIV ғасырдың басында туған деп есептейді [99, 9].

Сонда қазірде Қазақстанда тұратын Арғын Қарақожаұлының ұрпақтары өздерінің ата-тегін не бары 21 бабасына дейін ғана



таратып бере алуы мумкін. Бұл сан былайша есептеліп шығарылады:

$$(2005-1317) : (100 : 3) = 21,$$

мұндағы 2005-қазіргі жыл;

1317 - Қарақожа батырдың шамамен туған жылы (Арғын әкесінің 17 жасында дүниеге келді деп есептегенде).

Осы орайда мысал ретінде Медеу Сәрсекеевтің Тарақты Қарақожаұлының 21 ұрпағы екендігін айтуға болады [99,9].

Енді бүгінгі арғындардың қанша аталарының мүлде ұмытылып қалғанын есептеп көрелік:

$$(2005 + 300) : (100 : 3) - 21 = 48,$$

мұндағы 2005-қазіргі жыл;

300-арғын тайпасының шамамен біздің жыл санауымыздан бұрын пайда болған жылы;

21-осы кезде есімдері белгілі аталардың саны.

Сонымен бүгінгі арғындардың кем, дегенде 48 атасының есімдері ұмыт болғанын мойындауымыз керек. Бұдан былай ұмыт қалған сол аталарды қайтадан жаңғырту біздің қолымыздан келуі неғайбіл деуден басқа шара жоқ.

Қысқасы, бұл айтылғандардан туындайтын тұжырым: ескілі-жаңалы Орта жүз шежірелерінде «Қазақ» деген кісіден Жанарысты туғызы, одан әрі Бәленше, Түгеншелерді тарату-ұмытылған аталардың орнын амалсыздан ойдан шығарылған есімдермен толтыру деп білу керек.

Арғынның Аргүл есімді бәйбішесінен Қотан¹⁷¹ жырау мен Ботан туады. Ботан жас кезінде қайтыс болып, одан ұрпақ қалмаған [98, 14]. Қотан жыраудан Дайырқожа (Ақжол би) туады [99, 18].

Енді Арғын Қарақожаұлына қатысты тарихи мәліметтерге сүйеніп, оның біз есептеп шығарған шамамен 1334 жылы туғандығын тексеріп көрелік.

¹⁷¹ Қотан-кейбір әдебиетте «Қодан» деп те жазылады (10, 577).

Арғынның немересі Дайырқожа Әбілқайыр ханның сүйікті қазысы болған. Ол әділ билік айтқаны үшін Ақжол би атанған. Қазақтың ұлы батырларының бірі Қарақыпшақ Қобыланды да ханға ниеттес адам болған. Сондықтан Ақжол би мен Қобыланды батыр жасырын бірін-бірі көре алмайтын бақталас боп жүреді.

Ақыры осындай ал көздік себеппен Қобыланды батыр 1456 жылы Ақжол биді өлтіреді [5, 45].

Осы қайғылы жағдай жөнінде Шәкәрім Құдайбердіұлының айтқаны:


«Ол биді¹⁷² Абылқайыр жақсы көрген,
«Ақжол» деп оң тізеден орын берген.
Қобыланды қарақыпшақ батыр еді,
Намыс қып, күндестікпен сайтанға ерген.
Өлтірген аңда жүріп Ақжол биді,
Қазаққа осы жұмыс ауыр тиді.
Қысасқа Қобыландыны өлтірем деп,
Жар салып Әз Жәнібек халқын жиды.
Жалынған үш кісінің құнын ал деп,
Алмаған керек емес бізге мал деп.
Бермеген Абылқайыр Қобыландыны,
Қалған ел мұны өлтірсем бұзылар деп» [128, 34].

Сол кезде Қотан жыраудың қаза болған баласының сүйегін айналып жүріп, жылағанда айтқан төмендегі жыры сан ғасырлар бедерінде өшіп кетпей, сақталып бізге жетті:

«Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным?!
Адасқанын жолға салдың бұл Ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ, жалғыз күнде құрыдың!
Қарақыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным?!» [112, 113].

Бұл өлеңді Қотан жырау 85 - 88 жасында шығарды десек, онда ол 1368 - 1371 жылдары туған деп шамалауға болады. Ал

¹⁷² Бұл жерде әңгіме Ақжол би туралы болып отыр.



ол 1460 жылы дуниеден өтеді [10, 577]. Егер Ақжол би қаза болғанда Қотан жырау 86 жаста болса, онда ол 1370 жылы тұған болады. Қотан жыраудың 1370 жылы тұғанын Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Медеу Сәрсекеев те айтады [5, 46; 99, 9]. Демек, Арғынның 36 (1370 - 1334) жасында Қотан жыраудың дүниеге келуі шындыққа жанасатын сияқты.

Тарихи деректер бойынша Дайырқожаның (Ақжол бидің) XVIII-XIX ғасырлардағы ұрпақтары Қотан жырауды арғы атамыз деп санаған. Солардың ішінде Бұқар жырау мен Көтеш ақын (98, 14) және Жанақ ақын [5, 46] бар. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Копейұлы Қотан жыраудың кім екендігі жөнінде былай деп жазады: «Бұқарекең (Бұқар жырау - С.Ж.) айтыпты деген бір сөз бар:

*Бәрімізді сұрасаң,
Қотанбайдың баласы,
Арғындардың сабасы.
Қарақожа бас болып,
Қабыл да болған дуасы» [98, 14].*

Қобыланды батырдың Ақжол биге өшпенділігі және оның Ұлытаудағы құба жонда аңшылап жүрген Ақжол биді бұзау бас қара шоқпармен дәл төбесінен ұрып өлтіргені жайлы Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында егжей-тегжейлі айтылған [113, 100 - 104].

Дайырқожа (Ақжол би) өлген соң, Қотан жырау Жәнібек, Кереймен бірге Шу бойына қоныс аударып, Қазақ хандығының шаңырақ көтеруіне елеулі үлес қосқаны тарихтан белгілі.

Дайырқожаның бәйбішесінен Қарақожа бай, тоқалынан Тәнбі сопы туады [99, 18]. Осы арада мына бір жайтты айта кеткен жөн. Арғынның әкесі мен шөбересінің есімдері бірдей «Қарақожа» деп аталғандықтан кейбір шежірелерде, сірә, бұл қателікке саналып, екінші Қарақожа ата таралымынан алынып тасталған. Шындығында бабасының есімін ұрпақтарының біріне қою - түркілерде ертеден бар дәстүр.


Қарақожа Дайырқожаұлының Қарлығаш есімді бәйбішесінен Мейрам сопы; Момын есімді тоқалынан Ақсопы, Қарасопы, Сарысопы, Арықсопы, Кенжесопы (Нәдір сопы) туады.

Жоғарыда аты аталған Тәнбі сопыдан бастап Кенжесопыға дейінгі жеті сопыға байланысты сырлы жұмбақтар бар секілді. Жалпы, «сопы» деген діни атақ болғанда, меніңше, Дайырқожа тоқалдан туған баласына «Тәнбі» деп ат қояды, ал «сопы» деген атаққа ол ер жеткенде ие болады. Сондай-ақ Қарақожаның тұңғышы Мейрамға да сопылық атақ ер-азамат болғанда беріледі. Сондықтан бұл екеуінің есімдері қағазға түскенде «сопы» сөзі олардың есімдеріне қосылмай «Тәнбі сопы», «Мейрам сопы» деп бөлек жазылуы керек. Әйтпегенде, көбіне «Тәнбісопы», «Мейрамсопы» болып жазылып жүр. Енді Момынның бес баласына келетін болсақ, әу баста оларға қойылған ныспылар басқаша болғанға ұқсайды. Себебі ешбір адам жаңа туған баланың келешекте не болатынын білмей, оны, мысалы, «Ақсопы» деп атамайды. Ендеше, кейін сопылық жолды қуған бес балаға жұрт олардың өңдеріне қарап «Ақсопы», «Қарасопы», «Сарысопы», ал арықтау келгеніне «Арықсопы», кенже балаға «Кенжесопы» (шын аты Нәдір болуы мүмкін) секілді лақап аттар берген деп жорамалдаймыз.

Тәнбі сопыдан Үсенбай мен Елемес туады [98, 15].

Мейрам сопы Нұрпая, Нұржамал, Қарқабат, Бибігүл есімді төрт әйел алған. Оның бәйбішшісі Нұрпаядан - Қуандық пен Сүйіндік; Нұрпаяның жанына еріп келіп (ол келін болып түскенде), еліне қайтпай қалған жеңгесі Нұржамалдан - Бегендік пен Шегендік; Нұрпаяның жанына түйе жетектеуге қосып берген күңі Қарқабаттан - Болатқожа [98, 15-16]; Бибігүл есімді жас тоқалынан - Қаржас туады.

Енді әр ғасырға үш ұрпақтан шамалап Мейрам сопының қай жылы дүниеге келгенін екі тарихи дерекке сүйеніп есептен көрейік. Алдымен ол жылды Бұқар жырауға қатысты дерекпен есептейік:


$$1787 - (100 : 3) \cdot 7 = 1554 \text{ жыл,}$$

мұндағы 1787 - Бұқар жыраудың қайтыс болған жылы;

7 - Мейрам сопы мен оның ұрпағы Бұқар жыраудың сарасындағы ұрпақ саны.

Енді осы есепті Серік Имантайұлы Жақсыбаевқа қатысты дерекпен шығарайық:

$$2005 - (100 : 3) \cdot 14 = 1538 \text{ жыл,}$$

мұндағы 2005 - қазіргі жыл;

14 - Мейрам сопы мен оның ұрпағы Серіктің арасындағы ұрпақ саны.

Сонымен, Мейрам сопаның туған жылы шамамен бірінші нұсқа бойынша 1554 болса, ал екінші нұсқа бойынша - 1538 жыл. Демек, біздің есептеуіміздің екі нұсқадағы кемшіні - 16 жыл (1554 - 1538). Бұл сәйкессіздіктің алты ғасырлық ұрпақтар есебін жүргізгенде еленбейтін шама екенін ескерту парыз. Сондықтан Мейрам сопы 1538 - 1554 жылдардың аралығында туды деп жорамалдауға болады.

Шежірешілер әдетте Мейрам сопы ұрпақтарын «Үлкен арғындар»; Момын ананың «Бес Момын» аталған ұлдарының ұрпақтарын «Ортыншы арғындар»; Тәнбі сопының ұрпақтарын «Кіші арғындар» деп атайды.


Ақсопыдан Қанжығалы мен Тобықты; Қарасопыдан Бәсентиін мен Қарауыл; Сарысопыдан Атығай тарайды.

Арықсопы мен Кенжесопыдан ұрпақ жоқ (10-шы сурет).

Сонымен, «арғын» этнониміне байланысты айтылған әңгімені былайша түйіндеуге болады:

1. «Арғын» деген сөз - біздің жыл санауымыздан бұрын Оңтүстік Сібірді мекендеген күндер тайпалары одағының құрамында болған арғытүркі рулары бірлестігінің ортақ атауы.

2. Қазіргі қазақ халқының құрамындағы арғындар - негізінен байырғы арғын тайпасынан шыққан Қарақожа батырдың шамамен 1334 жылы дүниеге келген Арғын есімді баласының ұрпақтары.





10-шы сурет. Арғынның ұрпақтары.



Тайдана лылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.П. Блаватская. Тайная доктрина. Т. 2. М., «Эксмо», 2004
2. Э.Р. Мұлдашев. От кого мы произошли? ч. III. М., «Аиф-принт», 2003.
3. Э.Р. Мұлдашев. От кого мы произошли? Ч. I. М., «Аиф-принт», 2003.
4. Құран Кәрім. Алматы, «Жазушы», 1991.
5. Шакарим Кудайберды - улы. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. Алма-Ата, «Жазушы», 1990.
6. Э.Р. Мұлдашев. От кого мы произошли? Ч. II. М., «Аиф-принт», 2003.
7. Книга Марко Поло. М., 1955.
8. Путешествие в Восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрика. Алматы, «Ғылым», 1993.
9. Академик В. В. Бартольд. Соч., т. II, ч.2. М., 1963.
10. Қазақ совет энциклопедиясы. 6 т. Алматы, 1975.
11. Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. I. М., «Наука», 1973.
12. Всемирная история, т. II. Карты. М., 1956.
13. Мурат Аджи. Полынь Половецкого поля. М., 1994.
14. Всемирная история, т. II. М., 1956.
15. Всемирная история, т. I. М., 1956.
16. Рене Груссе. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Пер. с англ. Алматы, 2003.
17. Калибек Данияров. История гуннов. Алматы, 2002.
18. Сәбит Мұқанов. Халық мұрасы. Алматы, «Қазақстан», 1974.
19. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. Алматы, 1988.
20. Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке. Алматы, 1984.

- 
21. Дүйсенов М. Бір аспанның астында. Алматы, 1986.
 22. Геродот. История в девяти книгах. Л., «Наука», 1972.
 23. Мурад Аджи. Европа, Тюрки, Великая степь. М., «Мысль», 1998.
 24. Якутско-русский словарь. Под ред. П.А. Слепцова. М., 1972.
 25. Н.К. Карамзин. История государства Российского. Кн. I, тт. I, II, III, IV. М., «Книга», 1988.
 26. «Ана тілі» газеті, 2004, № 32.
 27. Г.М. Бонгард - Левин, Э.А. Грантовский. От Скифии до Индии. М., «Мысль», 1983.
 28. Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969.
 29. Шаһмұрат Төкішұлы Қуанғанов. Ғұн немесе Арғын тарихы туралы. Алматы, «Білім», 1997.
 30. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса. Алматы, «Қазақстан», 1992.
 31. Владимир Даль. Толковый словарь живого Великорусского языка. Т. I. М., 1956.
 32. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, «Ғылым», 1989.
 33. Рычков П.И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887.
 34. Қазақ совет энциклопедиясы. 9 т. Алматы, 1976.
 35. Қазақ совет энциклопедиясы. 11 т. Алматы, 1977.
 36. Қазақ совет энциклопедиясы. 5 т. Алматы, 1974.
 37. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. Алматы, 1998.
 38. А.П. Смирнов. Скифы. М., «Наука», 1966.
 39. М. Ақынжанов. Қазақтың тегі туралы. Алматы, 1957.
 40. Гомер. Одиссея. М., «Правда», 1985.
 41. С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. Алматы, «Рауан», 1992.
 42. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8 т. Алматы, «Ғылым», 1985.

- 
43. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, «Жалын», 1994.
44. К. д'Оссон. Шыңғысханнан Әмір Темірге дейін. Астана, «Санат», 2003.
45. Всемирная история. Т. III. М., 1957.
46. Асқар Селеубаев. Тамыры терең халықпыз // «Дала мен қала» газеті, 2004, 12 наурыз.
47. Л.Н. Гумилев. Хунны в Китае. М., «Наука», 1974.
48. Жамбыл Омари. Қаз дауысты Қазыбек би. Жеті жарғы. Астана, «Фоллиант», 2000.
49. Осман Йорулмаз. Тарих қолдан жасалмайды // «Жалын» журналы, 2004, №4.
50. Қаржаубай Сартқожа. Орхан мұралары. 1 кітап. Астана, 2003.
51. С. Жолдасбаев, Д. Бабаев. История средневекового Казахстана. Алматы, «Атамұра», 2003.
52. Беимбет Ирмуханов. Хазары и казахи. Поиск исторической связи // «Казахстанская правда» газеті, 1994, № 107.
53. Қазақ совет энциклопедиясы. 7 т. Алматы, 1975.
54. С.М. Ахинжанов. Кыпчаки. Алматы, «Ғылым», 1995.
55. Академик В.В. Бартольд. Соч., т. III. М., 1964.
56. Лубсан Данзан. Алтан тобчи («Золотое сказание»). Пер. с монг. М., «Наука», 1973.
57. Беимбет Ирмуханов. Хазары и казахи: поиск исторической связи // «Казахстанская правда» газеті, 1994, №108.
58. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5 т. Алматы, 2003.
59. М. Тынышпаев. Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент. 1925.
60. Батырлар жыры. 1 т. Алматы, «Жазушы», 1986.
61. Академик В.В. Бартольд. Соч., т. II, ч.2 М., 1963.

62. Рашид ад - Дин. Сборник летописей. т. I, кн. 1. М. - Л., 1952.

63. Ислам Қабышұлы. «Құпия шежіре» мен түркі шежірелері жайында. // «Заман Қазақстан» газеті, 1992, 8 мамыр.

64. Түрік - татар тарихы // «Жұлдыз», 2004, №2.

65. Е.И. Кычанов. Жизнь Темучина, думавшего покорить мир. Алма-Ата, «Жалын», 1992.

66. Рашид ад - Дин. Сборник летописей. т. I, кн. 2. М. - Л., 1952.

67. М.П. Алексеев. Сибирь в известиях Западно - Европейских путешественников и писателей. т. I, XIII - XVII вв. Иркутск, 1932.

68. Ә. Дәлелхан. Аңызда да ақиқат бар // «Сарыарқа самалы» газеті, Павлодар, 2004, № 135.

69. Абрар Каримуллин. Татары: этнос и этноним. Казань, 1988.

70. Энциклопедический словарь Брокгауза и Эфрона. Т. 67. СПб., 1902.

71. К. Риттер. Землевание Азии. СПб., 1856.

72. Андрей Лызлов. Скифская история. М., «Наука», 1990.

73. Бек Тогысбаев. Откуда произошли казахи // «Простор», 1996, №2.


74. Мурад Аджи. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи. М., 1999.


75. Н. Оңдасынов. Парсыша - қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, «Білім», 2003.


76. Самат Өтенияз. Еділ батыр (Аттила) // «Жалын» журналы, 1994, №1-2.


77. Әбілғазы. Түркі шежіресі. Алматы, 1992.

78. Қазақстың төр шежіресі // «Ана тілі» газеті, 1994, 22 наурыз.

- 
79. Академик В.В. Бартольд. Соч., Т. II, ч. 1. М., 1963.
80. Қазақ тарихы. Алматы. 1993, №2.
81. Жарылғап Бейсенбайұлы. Арғытүрк тілдері - палеолит дәуірінің перзенті // «Ана тілі» газеті, 2004, №26.
82. А. Массэ. Ислам. Очерк истории. Пер. с франц. изд. 3-е. М., «Наука», 1982.
83. А.П. Чулошников. Очерки по истории казак - киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Оренбург, 1924.
84. Мұхтар Мағауин. Ұлтсыздану ұраны // «Жұлдыз» журналы, 2004, №7.
85. Ч.Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. Т. 1. Алма-Ата, 1984.
86. Фирдоуси. Шах-наме. Низами. Лейли и Меджнун. Ш. Руставели. Витязь в тигровой шкуре. А. Навои. Фархад и Ширин. Поэмы. М., «Детская литература», 1982.
87. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4 т. Алматы, 2002.
88. М.Х. Абусейтова. Казахское ханство во второй половине XVI века. Алма-ата, «Наука», 1985.
89. Гранат. Энциклопедический словарь. Т. 19. М., 1922.
90. М.С. Муқанов. Этническая территория казахов в XVIII - начале XX веков. Алма-Ата, «Казахстан», 1991.
91. Байұзақ Қожабекұлы. Қасоқтар һәм Қазақия // «Егемен Қазақстан» газеті, 1994, 30 маусым.
92. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 т. Алматы, 2001.
93. «Қазақ тарихы» журналы, 1994, № 3.
94. Әнес Сарай. Еділ батырды білеміз бе? // «Зерде» журналы, 1994, №5.
95. Мухамеджан Тынышпаев. История казахского народа. Алматы, «Санат», 1998.

- 
96. Академик В.В. Бартольд. Соч., ч. II, ч.2 М., 1963.
97. Г.В. Носовский, А.Т. Фоменко. Империя. М., «Факториал», 1998.
98. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ шежіресі. Алматы, «Жалын», 1993.
99. Медеу Сәрсекеев. Тарақты және Қаракесек шежіресі. Алматы, «Атамұра», 1995.
100. Қазақтың көне тарихы (дайындаған М. Қани). Алматы, «Жалын», 1993.
101. Қазақ шежіресі (дайындаған Жарылқап Бей-сенбайұлы). Алматы, «Атамұра-Қазақстан», 1994.
102. Тарақты Ақселеу. Балталы, Бағаналы ел аман бол. Алматы, «Қазақ университеті», 1993.
103. И.О. Омаров. Арғын ұруларының қысқаша шежіресі. Қарағанды, 1991.
104. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқианнан өзіме шейін. Алматы, «Жалын», 1993.
105. Т.А. Еңсебаев. Қанжығалы шежіресі. Павлодар, «ЭКО», 2004.
106. Әріпбек Әмірбеков. Қазақ жүздерінің пайда болуы туралы // «Қазақ тарихы» журналы, 1994, №3.
107. Сейілбек Шаухаманов. Алтынды тот баспайды немесе Қалтайдың текаталары кім болған // «Таң - Шолпан» журналы, 2002, №9.
108. Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1989.
109. Плутарх. Избранные жизнеописания. М., «Правда», 1987.
110. Орынбай Бекжан. Маңғыстау-хун-қаңлы жазуы // «Ақиқат» журналы, 2004, №11.
111. Бес ғасыр жырлайды. 1 т. Алматы, «Жазушы», 1989.

- 
112. Екімыңжылдық дала жыры. Бас редактор Ә. Нысанбаев. Алматы, 2000.
113. Ілияс Есенберлин. Алмас қылыш. Бірінші кітап. Алматы, «Жазушы», 1976.
114. Игорь Тимофеев. Ибн Баттута. ЖЗЛ. М., «Молодая гвардия», 1983.
115. «Жалын» журналы, 2004, №3.
116. Олжас Сүлейменов. Тарихқа дейінгі түркілер. // «Жалын» журналы, 2004, №2.
117. Қазақ совет энциклопедиясы. 3 т. Алматы, 1973.
118. Б.Г. Гафуров. История таджикского народа. М., Госполитиздат, 1952.
119. Асқар Семеубаев. Ерте замандағы орыс жерін мекендеген түркі тайпалары // «Дала мен қала» газеті, 2004, 27 ақпан.
120. Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. Шыңғыз хан есімі шындыққа жетпейді // «Ана тілі» газеті, 1993, 13 қаңтар.
121. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. Алматы, 1998.
122. Н.М. Карамзин. История государства Российского. Кн. II, тт. V, VI, VII, VIII. М., «Книга», 1989.
123. Н.М. Карамзин. История государства Российского. Кн. IV, Ключ П. Строевой. М., «Книга», 1988.
124. Советский энциклопедический словарь. М., 1982.
125. Қазақ совет энциклопедиясы. 2 т. Алматы, 1973.
126. М. Қашқари. Түбі бір түркі тілі. Алматы, «Ана тілі», 1993.
127. А.М. Позднев. К истории зюнгарских калмыков. Спб., 1987.
128. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазақтан түп атасы // «Абай» журналы, 1992, №1.
129. Қазақ совет энциклопедиясы. 8 т. Алматы, 1976.
130. Записки Янычара. Написаны Константином Михайловичем из Остовицы. М., «Наука», 1978.



131. Олжас Сулейменов. Язык письма. Алматы-Рим, 1998.

132. Р. Сыздыкова, М. Қойгелдиев. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. Алматы, «Қазақ университеті», 1991.

133. Алихан Букейхан. Избранное. Собр. соч., 1 книга. Алматы, «Өлке», 2002.

134. Тамерлан. Эпоха. Личность. Деяния. Москва, «Гураш», 1992.

135. М. Тынышпаев. История казахского народа. (Учебное пособие). Алма-Ата, «Қазақ университеті», 1993.

136. К.И. Сатпаев. Избранные статьи о науке и культуре. Алма-Ата, «Наука», 1989.

137. Алтын арқаулы асыл мұра // «Егемен Қазақстан» газеті, 2005, №118.

138. Алишер Навои. Соч. в десяти томах. Т. 10. Ташкент, «Фан», 1970.

№1 қосымша
«Көшпелі өзбек»
тайпаларының тізімі
[11, 210 - 213]

Перечень 92 племен иланий¹⁷³ или «узбекских»

I. По Маджму ат-таварих (рук. л. 17а - 18а; изд. Т., стр. 22 - 23)	II. По Тухфат ат-таварих-и хани (список ЛО ИВАН ¹⁷⁴ , С 468, л. 266б)	III. По рукописи 4330.3 из собрания Института востоковедения УзССР, л. 132б
1. минг مينگ	минг مينگ	минг مينگ
2. юз يوز	кыргыз قرغيز	юз. يوز
3. кырк قرق	юз يوز	кырк قرق
4. джалаир جلالير	кырк قرق	онг اونگ
5. сарай سرای	онг انگ	энгачит اونگاجيت
6. конгурат قونغورات	онгачит انگاجيت	джалаир جلالير
7. алчин الچين (الچين)	джалаир جلالير	сарай سرای
8. аргун رگور	конгурат قونغورات	хытай خطای
9. найман نيمان	алчин الچين	кипчак قبچاق
10. кипчак قبچاق (بچاق)	аргун ارغين	найман نيمان
11. калмак قالماق (قلماق)	сарай سرای	чакмак چقماق
12. чакмак چقماق (چقماق)	найман نيمان	урмак اورماق
13. кыргыз قرغيز (قيرغيز)	кипчак قبچاق	тувадак (?) توادق
14. кырлык قيرليق	чакмак چقماق	бустан, бостон بستان

¹⁷³ Иланий (туркше) - көшпелі тайпалар.

¹⁷⁴ ЛО ИВАН - Ленинградское отделение Института востоковедения АН СССР

I.	II.	III.
15. тюрк ترک	бурлат بورلات	сымырчык (?) سمرجيق
16. туркмен ترکمان	сымырчык سمرجق	калмак قلماق
17. байаут بياوت	булат. х. б بولاتحب	карлук قرلق
18. бурлан بورلان	каттаган قتغان	каттаган قتغان
19. шымырчык شمرجق (شمرجق)	килечи کيله جي	арлат ارلات
20. кабаша (?) قتيه (قبشه)	кинегес کينگهس	аргун ارغون
21. нуджин (?) نحن (نجن)	буйурук بويورک	барлас برلاس
22. килечи کيله جي (ليکه جي)	уйрасут اوي راست	буйтай بويتاي
23. килекеш (کيله کش)	кыят ميات	кинегес کينه کس
24. бурат, бурят (борот) بورات	хытай خطاي	киладжи, килечи کيلاجي
25. убрат, убрят اوبرات	канглы قنگلي	буйурак بويوراک
26. кыят قيات	ур или авар اور	ойрат, ойрот اويرات
27. хытай خطاي	джубаладжи (?) جوبلاجي	кыят قيات
28. канглы قنگلي	туйджи, туйчи تويجي	кунграт قنغرات
29. урйуз اوريوز	буйут (?) بويوت	канглы قانغلي
30. джуналахи (?) جونالاحي	джыйыт جيت	уз اوز
31. куджи, кучи قوجي	джилджут جيل جوت	джуладжи جولاجي
32. утарчи اوتار جي (اوتارچي)	буйат بويات	джусуладжи جوسولاجي
33. фуладчи (?) قولادجي	уймаут اويماوت	куджи, кучи (?) قحي
34. джыйыт جيت	арлай ارلاي	утарчи اوتار جي
35. джуйут جويوت	керант کرايت	фуладчи فولادجي

I.	II.	III.
36. джулджут جعل جوت (جلجوت)	онгут اونگفت	джуйут جيوت
37. турмаут تورماوت	тангут تانگفوت	джыйыт جيت
38. уймаут اوى ماوت	мангут منگفت	джалджут جل جوت
39. арлат ارلات	джалджаут جالجوت	буйазут (?) بويازت
40. керент کريت	масит مست	уймаут اويماوت
41. онгут اونگفوت	меркит (?) مرکيف	кераит کرايت
42. тангут تانگفوت	буркут بورقوت	баган باغان
43. мангут مانگفوت	княт کيات	онгут انغت
44. джалаут جلاوت	куралас قرالاس	тангут تنغت
45. мамасит (?) ماسيت	оглен اوکلان	мангут منغت
46. меркит مرکيت	кары قارى	меркит مرکت
47. буркут بورقوت	араб عرب	буркут برقوت
48. княт کيت	иладжи, илачи ايلاجي	масид مسد
49. куралаш قوره لاش (فوره لاش)	дзубурган جوبورغان	княт کيات
50. оглен (?) اوکلان	кышлык قشليق	оглен (?) اوکلان
51. кары قارى	гирай, гирей کراي	алчин آلچين
52. араб عرب	туркмен ترکمان	кары قارى
53. иладжи, илачи ايلاجي	дурман دورمن	гариб غريب
54. дзубурган جوبورغان	табын تابين	шубурган شوبرغان
55. кышлык قشليق	тама تامه	кышлык قشليق

I.	II.	III.
56. гирай, гирей گیرای	рамадан رمدان	туркмен ترکمان
57. дурмен دورمن (тайин)	митан (?) میتن	дурмен دورمان
58. табын تایین	уйшун اویشون	табын تابین
59. тама نامه (таме)	бурия بوریه	там تام
60. рамадан رمدان	хафиз حافظ	рамадан رمدان
61. уйшун ویشون	уйурджи, авирджи ایورجی	митан میتن
62. бадай بادای (бадан)	джуйрасут جویراست	уйшун اویشون
63. хафиз حافظ	будаё بدای	бусе بوسه
64. уйурджи, авирджи اویرجی (Аويرجي)	банааш بنаш	хафиз حافظ
65. джурат جورات	татар تاتار	кыргыз قرغز
66. татар تاتار	б. дж. к. р بجقر	татар تاتار
67. юрга يورغا	сулдуз سولدوز	йадж.к.р ياجقر
68. баташ باتаш (табаш)	азак ازاق	сулдуз سلدوز
69. каучин قوجین	калмак قالماق	калывай (?) قلوای
70. тубай توبای	каракалфак قراقلفاق	дуджир (?) دوجر
71. тилау, тлеу تسلو	санвадан (?) سنوادان	джурат جورات
72. кардари کرداری	тубай توبای	будаё بدای
73. санхиян سنخیان	тилау تیلو	оглан اوغلان
74. кыргын قرغین	киради کیرادی	курлаут کورلاوت

I.	II.	III.
77. чимбай چيم باي	ширин شيرين	чилкас چلكس
78. чехель кас, چارкас جهل كس (چركس)	оглан اوغلان	у гур اغور
79. уйгур اويغور	курлат كورلات	агар (?) اغر
80. анмар (?) انمار	баглан بغلان	кур كور
81. ябу يابو	чимбай چيم باي	никуз نيكوز
82. таргыл ترغيل	чилкас چيل كس	кара قرا
83. тургак; турган تورغاق (تورغان)	уйгур اويغور	тушлуб توشلوب
84. теит (?) تين	арнамар (?) ارنمار	ябу يابو
85. кохат قحت	ябу (?) بابو	таргыл تارغل
86. фахыр فاخر	таргыл تارغيل	кохат قھات
87. куджалык قوجه ليق	турган تورغان	шуран شوران
88. шуран شوران	кохат قحت	ширин شيرين
89. дераджат درجات	маджар ماجار	тама تمه
90. кимат كمات	куджзлык قوجه ليق	бахрин باخرين
91. шуджа'ат شجعات	суран سوران	бхрей, кирей كرای
92. ауган, авган اوعان	бахрин باخرين	сахтиян (?) سختيان

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
Бірінші тарау. Ежелгі арғытүркілер	5
Екінші тарау. Көне замандағы түркілер	35
Үшінші тарау. Қазақ хандығының құрылуы	83
Төртінші тарау. Қазақ сөзінің мағынасы	93
Бесінші тарау. Қазақ шежірелеріне қысқаша шолу	109
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	129
№1 қосымша. «Көшпелі өзбек» тайпаларының тізімі	137
№2 қосымша. Құрбанғали Халид бойынша «тоқсан екі баулы өзбек» тізімі	142
Мазмұны	143

№ 2 қосымша
Құрбанғали Халид
бойынша «тоқсан
екі баулы өзбек»
тізімі [30, 58]

1. Мың. 2. Жүз. 3. Қырық. 4. Ұғажат. 5. Жалайыр. 6. Прай.
7. Қоңырат. 8. Алшын. 9. Найман. 10. Арғын. 11. Қыпшақ. 12.
- Қалмақ. 13. Фрат. 14. Қырықтық. 15. Торғауыт. 16. Бурлан. 17.
- Шымыршық. 18. Фатаған. 19. Кәжі. 20. Кенеқас. 21. Бұйрат.
22. Ойрат. 23. Қиат. 24. Бағлан. 25. Қынай. 26. Қаңлы. 27.
- Өзбек (өзенше білуші). 28. Қойшы. 29. Бұланшы. 30. Шабұт.
31. Жоют. 32. Шілшауыт. 33. Баяуыт. 34. Отаршы. 35. Арлат.
36. Керейт. 37. Ұнғұт. 38. Манғыт. 39. Танғұт. 40. Оймауыт.
41. Қашат. 42. Меркіт. 43. Бұрқат. 44. Қият. 45. Қоралас. 46.
- Төралас. 47. Қыраараб. 48. Илашы. 49. Шұбырған. 50. Қышлақ.
51. Оғлан. 52. Түркмен. 53. Дүрмен. 54. Табут. 55. Тама. 56. Ма-
- чад. 57. Кердері. 58. Рамдан. 59. Керей. 60. Надай. 61. Кафсана.
62. Қырғыз. 63. Ұяршы. 64. Жойрат. 65. Ұйсін. 66. Жорға.
67. Баташ. 68. Қойсын. 69. Молдыз. 70. Төбел. 71. Татыр. 72.
- Тілеу. 73. Басхал. 74. Ниан. 75. Қазған. 76. Шірін. 77. Ұнтан.
78. Қурлат. 79. Шілкас. 80. Ұйқорған. 81. Тарғын. 82. Жабу.
83. Суран. 84. Тұрғақ. 85. Мутиян. 86. Қасқа. 87. Мажар. 88.
- Тушылық. 89. Шоран. 90. Шүршіт. 91. Баһршы. 92. Ұйғұрат.

Бұл кітаптың басылып шығуына кәсіпкер Бейсенбек
Болашұлы Мұсабек мырза демеушілік көмек көрсетті.

Ғылыми басылым

Серік Имантайұлы Жақсыбаев
ҚАЗАҚТЫҢ ТҮП ТЕГІ ТУРАЛЫ
(о генезисе казахского народа)

Көркемдеуші редакторы: С.Л. Малахова

Техникалық редакторы: С.Л. Малахова

Корректоры: Ш.А. Жүнісова

«ЭКО» ҒӨФ-ке теруге 12.07.2005 берілді.

16.09.2005 басуға қол қойылды.

Көлемі 60х84 1/16. Қаріп түрі KZ _ Academy.

Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 6,3.

Есептік баспа табағы 4,5.

Таралымы 1000 дана.

Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қаласы,
29 Ноябрь көшесі, 2, тел. 32-16-08.